Қайырбек Отызбаев

ЖҮРЕКТІҢ НҰРЫ

ББК 86.38
О - 89

Пікір білдіргендер:

ҚМДБ-ның Қызылорда облысы бойынша өкіл имамы Мұсабек АҚТАМБЕРДІ

Дінтанушылар:

Хасан Иылдырым, Батырбек Убаев, Тұрар Әбуов.

Отызбаев Қ.

«ЖҮРЕКТІҢ НҰРЫ» - Қызылорда: «Компас-Қызылорда» баспаханасы, 2008. 68-бет

«Жүректің нұры» деп аталатын бұл кітап Аллаhтың сөзі болған Құранға деген дұрыс түсінікті қалыптастыру максатында діни танымдық деректерге сүйене отырып даярланды. Қасиетті Құран Кәрімнің құндылықтарын таныту үшін жазылған бұл кітаптың негізгі мақсаты - Аллаh Тағала тарапынан сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.)-ға жіберілу арқылы күллі адамзат баласына осы дүниеде бақытты өмір сүру жолын ғана нұсқайтындығын оқырман жұртшылығы үшін жалпы түсінік беру. Сонымен катар, еш өзгеріске ұшырамай бүгінгі күнімізге дейін каз-калпында жеткен Құранның Аллаh Тағала мен құл арасында жақсы қарым-қатынас орнататындығын арқау ете отырып, халқымыздың қасиетті Кәләм-и Шарифке деген аса құрметін, өзара сүйіспеншілігін және оны үйренуге талпынысын арттыру болып табылады.

ББК 86.38
ISBN 978-601-229-028-8

© Отызбаев Қ., 2008

Мазмұны

Кіріспе.....5

Бірінші бөлім
Жаратушы жайында бірер сөз

Атар ақ таң біз үшін туады.....8
Жаратушы «Бол!» десе, әр нәрсе бола қалады.....9
Дүние тіршілігі – жолаушының сапары.....11
Адамға жүктелген аманат.....12
Ислам діні – бақыт жолы.....12
Хз. Адам (а.с.)-нан Хз. Мұхаммед (с.а.у.)-ға дейінгі пайғамбарларға иман.....13
Қасиет тұнған кітаптар.....15
Ара өзіндегі мұғжизаны және өз атымен түскен сүрені қалай түсіндіреді?.....20

Екінші бөлім
Құран туралы жалпы түсінік

Жәбірейіл (а.с.) періштенің алғаш уахи әкелуі.....24
Құранның көңілге қонымды керемет аттары бар.....24
Гүл-гүл аяттар бөлек-бөлек түсе бастады.....25
Сөз бен істің кілті – Бисмиллəh.....26
Сүрелердің белгілі атпен аталуы.....26
Көп оқылатын сүрелер көңілге демеу, дертке шипа.....27
Сүрелердің ұлылығы осында.....28
Бөліктерге бөлінген Құран, оқуға жеңілдіктер береді.....30
Қасиетті Құран Кәрімнің сақталуы.....30
Пайғамбар (с.а.у.) мен Жәбірейілден (а.с.) жалғасқан үлгі.....32
Құран Кәрімді әдемі етіп оқудың қажеттілігі.....32
Моншақтап аққан көз жасы.....34
Хз. Омар (р.а.) Құран аяттарын тыңдап тыныгатын.....34
Мұнафиқтарға ұлылығын мойындатқан кітап.....35
Дұрыс түсінікке жетелейтін ашықтамалар.....36
Құран Кәрім – адамзат баласын бақытқа жетелейтін сара жол.....37
Құмырсқа өз атына түскен сүрені түсіндіреді.....39

Үшінші бөлім

Аллаһ жіберген Құранның негізгі тақырыбы қандай?

Аллаһ сөзі адамға қажеттінің бәрін қамтыған.....44
Құран Кәрім шынайы иман негіздерін үйретеді.....44
Құран Кәрім көркем түрде ғибадат етуді бұйырады.....47
Құран Кәрім Аллаһтан қалай дұға-тілек тілеу керектігін үйретеді.....50
Құран Кәрім бізге әдепті болуды үйретеді.....51
Құран Кәрім адалдықтың, жақсылықтың, ізгі ниеттің нұсқаушысы.....52
Отбасы өмірінің өрнегі Құран Кәрімде жазылған.....53
Сүйіспеншілік сезімін сыйлайтын – Құран.....54
Өрім өретін өрмекші немесе ол өз атына түскен сүрені қалай

Аллаһ сөзі Құранды үйренушілерге қажетті кеңестер.....63
Пайдаланылған әдебиеттер.....66

КІРІСПЕ

Әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағалаға мақтаулар мен шексіз шүкірлер болсын. Адамзат баласын қараңғылықтан шығарып, шынайы бақытқа жетелеуде жол басшы болған адамзаттың ардақтысы, мұсылмандардың мақтаныпшы Мұхаммед (с.а.у.)-ға сансыз салауаттар мен сәлемдер болсын.

Аллаһ Тағала қазақ еліне тәуелсіздік байлығын беріп, мұнымен қоса халқымызды ұлық діні Исламмен қайта қауыштырды. Соның нәтижесінде өшкеніміз жанып, жоғалтқанымыз табылды. Соның бірі де бірегейі – руханияттың асыл діңгегі саналған имандылық жолы. Біле білгенге, жүрегі «Аллаһ» деп соғатын әрбір жандардың Жаратушы алдында адамзат баласын «жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтару» міндеті тұр. Демек, жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтарудың бірден-бір сара жолы - Құранды үйреніп, оны өзгелерге үйрету. Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.): ***«Сіздердің ең жақсыларыңыз Құранды үйреніп және оны өзгелерге үйрету»,***-деген. Шынында Құран адам баласы мұқтаж болған әдептілік, әділдік, жақсылық секілді бақыттың қайнар бұлағына толы. Құран барша тәрбиенің көзі болуымен қатар Аллаһты әрдайым есімізге түсіреді.

Құран әрбір жеке тұлғаға, әрбір отбасыға және қоғамға ауадай қажет. Өйткені, Құран бізге өмірдің қай тарапында тұрсақ та жол көрсетіп, түзу жолдың тәрбиешісі бола алады. Аллаһ Тағала «Зүмәр» сүресінің 27, 28-аяттарында: **«Расында Біз бұл Құранды адам баласына әр түрлі мысалды олар үгіт алу үшін келтірдік. Бұл мүлтіксіз бір арабша Құран»,**-дейді.

Расында әрбір мүміннің жүрегі әрдайым Құранмен тығыз байланыста болу керек. Қандайда бір өзіне тиісті мәселелерді ең әуелі Аллаһ сөзі Құраннан іздегені жөн.

Құран тәрбиесі жас кезден бастау алуы тиіс бір міндет. Өйткені, баланың құлағы Құранды тыңдап өссе, жүрегі сол Құран дүниесіне толы болса, болашағы жақсы болмақ. Аллаһ Елшісі

(с.а.у.): ***«Кім Құранды кішкентай жасында үйренетін болса, Құран оның еті мен қанына сіңеді. Яғни, Құран нұрымен нұрланады»,***-дейді. Олай болса, бала жүрегіне Құран нәрін беру - ата-анаға басты міндет. Өкініштісі, бүгінгі күні көптеген ата-аналар дүниеден озарда балаларына тапқан-таянған байлығын қалдырып жатады. Алайда ол мәңгі байлықтың орнын баса алмайды. Сол үшін ата-ана балаға дүниелік ләззатқа толы байлық емес, ортаймайтын байлық көзі мен мәңгілік бақыттың кілтін қалдыру керек. Әрине, ол байлық – Құран.

Бір сөзбен айтқанда, Құран Кәрім жүректердің жұбанышы, рухымыздың азығы және кез келген дертке ем. Құранға деген сүйіспеншілігіміз артатын болса, оның да бізге берер нығметі молая түспек.

Жалпы бүгінгі күні халық арасында «Құранды тек өлілерге оқытып, рухтарына бағыштау керек» деген секілді тар мағынадағы түсініктер кең тараған. Әрине, бұл діни білімнің аздығынан туындаған пікірлердің бірі деп білеміз. Осыны негізге ала отырып, халықтың Құранға деген түсінігін аз да болса кеңейте түсу мақсатында оның ұлылығын, қоғамға және адамзат баласына қажетті нәрселердің баршасын түгелімен қамтыған ұлы кітап екенін нақтырақ қарапайым тілменен жеткізуге тырыстық. Егерде кітаптағы кеткен кемшіліктер болса, автордың қателігі деп білерсіздер.

Алғашқы бөлімде Аллаһ Тағаланың Ұлы жаратушы екенін, оның әмірімен әр нәрсенің болатынын, дүниедегі әрбір нәрсенің бізге аманат етіліп бергенін және әрқайсысымыз сынақ үшін келгенімізді қысқаша түсіндіруге тырыстық. Мұнан кейінгі бөлімде Құран Кәрімнің түсу төңірегінде сөз етілсе, соңғы бөлімде Құран өн бойына нелерді қамтыған, адам баласына не бұйыратыны жайында қысқаша түсіндіруге күш жұмсадық.

Бұл еңбегіміз халық көңілінен шығып жатса, асыл дініміз болған Исламға теңізге құйған тамшыдай қосқан үлесіміз деп білеміз. Аллаһ Тағала бұл игі әрекетімізді разы болған амалдардан етіп, оқырман қауым үшін рухани жемісін нәсіп етсін. Әмин!

Автордан

БІРІНШІ БӨЛІМ
ЖАРАТУШЫ ЖАЙЫНДА БІРЕР СӨЗ

Аллаһ Елшісі Мұхаммед (с.а.у.) былай дейді:

Құран оқыңыз, өйткені Құран, оқығандарға қиямет күні шапағат етеді.

* * *

Құран - өлі жүректерді тірілтеді.

* * *

Үмметім үшін ғибадаттың ең абзалы - Құран оқу.

* * *

Күмәнсіз сөздердің ең жақсысы - Құран,
Ал жолдардың ең жақсысы - Менің жолым.

* * *

Құран оқу - сүннет, тыңдау - парыз.

* * *

Раббысымен сөйлесуін қалаған адам - Құран оқысын.

* * *

Менің үмметімнің ішіндегі ең құрметтісі - Құран иелері (қари, хафыз, Құранды көп жаттағандар).

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

Атар ақ таң біз үшін туады

Он сегіз мың ғаламның онда өмір сүруші жанды-жансыз мақұлықтардың бір ғана иесі, жаратушысы – Аллаh Тағала. Аллаh әуелден бар болып тұрған кезде ешбір жаратылыс әлі жоқ болатын. Ұлы құдірет Иесі сансыз планеталарды, жымыңдаған жұлдыздарды және адам игілігі үшін қажетті барша таңғажайып жаратылыстарды еш кемшіліксіз жаратты. Аллаh Тағала «Мүлік» сүресінің 3, 4-аяттарында: **«Жеті қабат аспанды бір-біріне үйлесімді қылып жаратқан – Ол Аллаh. Рахманның жаратуында ешбір ақау, жүйесіздік көре алмайсың. Тағы бір рет көз сал, бір сызат көре аласың ба? Көзің ешбір ақау таба алмағандықтан шаршап, талған күйде саған қайта оралады»,-** деп, көк аспанның еш кемшіліксіз жаратылғанын көрсетуде. Жәндік екеш жәндікке де өмір сүруді нәсіп етуші Аллаh, әр жаратылысқа өзіндік қасиеттіліктерді дарыта отырып, белгілі мөлшерде тіршілік берді.

Аллаh Тағала ақыл-ойдың кеңдігіне сыйдыра алмас осынша ғажап әлемді біз үшін жаратты. Адамды жаратылыстағы күллі нәрселердің басшысы етіп қойды. Жер қазығындай етіп көкпен таласқан тауды, тіршілік тынысы етіп орман-тоғайларды нәрлі етсе, айналамызды мөлдір бұлақтармен толтырып, қажеттілік үшін жел, топырақ, су және ауаны да жаратты. Жаратылыс жайында Құранда: **«Ол сондай Аллаh жерді төсеп, онда асқар таулар, өзендер жаратты. Әрі онда әр түрлі жемістерден екіден жұп етті»,**-делінген. (**«Рағыд» сүресі, 3-аят)** Тағы бір аятта: **«Сендерді теңселтпеу үшін жер жүзінде асқар тауларды орналастырды. Жөн тауып жүрулерің үшін өзендер, жолдар жаратты»**-деп, әрбір нәрсенің игілімізге берілгенін айтады. **(«Нахыл» сүресі, 15-аят)** Дана халқымыздың: ***«Аллаhтың құдіретін көргің келсе, тауға бар»*** деген ойлы сөзі бекер айтылмаса керек. Сонымен қатар, Жаппар ие жарық пен

қараңғыны өз құдіретімен ғана дара етіп, жанды нәрселерге тән түр-түспен бірге шеберлік өрбітіп, сан түрлі дауысты жаратты. Өсімдік, құс атаулы және жер бетіндегі кестелі кілемдей қызыл-сары алуан гүлдер, тәтті шырынды жеміс-жидектер осының әдемі дәлелі бола алады. Өзі кішкене болса да, еңбекқорлығы зор құмырсқадан бастап, піл секілді алып хайуандар мен жыртқыш аңдарды да жаратқан ол – Аллаһ Тағала.

Ең ғажабы, Ұлы Аллаһ жаратылыстың кейбірін бауырымен жорғалаушы, кейбіреуін қосаяқты, енді біреулерін төртаяқты етіп жаратқаны белгілі. Құстарға көкке самғау үшін, балықтарға суда жүзу үшін қанат берді. Кішкентай жаратылыстағы араларға шипасы мол бал жасауды да үйреткен. Дәлірек айтқанда, бұл дүниеге қажетті барша нәрселерді көркем шеберлікпен, асқан даналықпен әлемнің раббысы – Аллаһ жаратты.

Жаратушы «Бол!» десе, әр нәрсе бола қалады

Әр таңда шұғылалы сәулесін айналаға нұрлана шашқан күн де тіршілігімізге сәнін беруде. Күннің жылулығында жер бетін және онда өмір сүрушілердің өн-бойына еніп, нұрға бөлеу кереметтілігі бар. Тау-тас арнасынан сылдырай аққан бұлақтар мен өзендер біз үшін ақса, көктемде көк белдерді көмкеретін әсем гүлдер жұпар иісімен жан-дүниемізді баурап, ерен ғажаптылығымен жайнай түсуде. Құстар табиғаттың сәні мен әрін келтіріп, сайраған даусымен қоршаған ортаға бейнебір ән әлемін алып келгендей көркемдік сыйлайды.

Демек, айналаға ғибрат көзімен қараған жан әрбір жаратылыстың бізге қызмет ету үшін ғана жаратылғанын ақылымен бағамдайды. Аллаһ Тағала жаратқан құлдарын өте жақсы көреді. Сол жақсы көргендігінен де бізге сансыз нығметтер тарту еткен. Сондықтан да Аллаһ Тағалаға айтар шүкіріміз бен зікіріміз қаншалықты көп болса да әрине, аздық етеді.

Көз жауын алатын сан алуан өсімдіктер мен жаратылысы қырағылық пен кереметке толы хайуандарға қарап-ақ еріксіз әдемілікті көріп, мойындаймыз. Осы тұста өзіміздің әлсіз

жаратылыс екендігімізді сезіне аламыз. Мына дүние Ұлы Раббының шеберлігімен, оның асқан суретші болуымен әдемі болса да, адамзат баласы мұнан да әдемі әрі көркем жаратылған. Аллаh Тағала Құранда: **«Расында адамзатты көркем бейнеде жараттық»**,-дейді. **(«Тин» сүресі, 4-аят)** Мұндай әдемілік біле білгенге, жаратылыстардың ішіндегі адам баласына ғана тән. Аллаh тарапынан берілген ақысыз нығмет. Жаратылыстың ең көркемі әрі тіршіліктің иесі болған адамды жаратушы Аллаh Тағаланың теңдессіз ұлылығын Құран мына бір ғана аятымен көрсетуде. **«Шын мәнінде Ол бір істің болуын қаласа, Оның бұйрығы оған «Бол!» деу, сонда ол бола қалады»**-деп, Аллаh Тағаланың жалғыз құдірет-күш иесі екенін анық байқатып тұр. **(«Ясин» сүресі, 82-аят)**

Бізді жоқтан бар етіп, ақша түгілі алтынға айырбастамас қолаяқ, естір құлақ, көрер көз, сөйлейтұғын тіл беріп, әке-шешені себепші қылып осы дүниеге келтірген жаратушы Аллаhқа әуелден иман келтіруіміз керек. Өйткені, Аллаh бар және Ол жалғыз. Оның ешкімге және ешнәрсеге мұқтаждығы жоқ. Аллаh туылмаған да тумаған. Мұның нақты дәлелін Құран Кәрімнен таба аламыз. **(Мұхаммед (с.а.у) оларға) айт: Ол Аллаh біреу-ақ. Аллаh мұңсыз. (Еш нәрсеге мұқтаж емес. Әр нәрсе оған мұқтаж.) Ол тумады да туылмады. Әрі оған ешкім тең емес. («Ықылас» сүресі)** Біз Аллаh Тағаланың бар және бір болғандығын, жәрдемшісі жоқ екенін және әлемнің жаратушысы екенін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сөздерінен әрі қасиетті кітабымыз Құраннан ғана біле аламыз. Жаратушы Аллаh өз сөзінде: **«Ол сондай Аллаh, жер жүзіндегі барлық нәрселерді сендер үшін жаратты. Сонан кейін аспанға көңіл бөліп оны жеті қабат көк етіп тәртіптеді. Ол әр нәрсені толық білуші»**-деп, бізге терең ой тастауда. **(«Бақара» сүресі, 29-аят)**

Дүние тіршілігі – жолаушының сапары

Барлық адам баласының дүниеге шыр етіп шарана күйінде келуі, ұзақ сапарға шыққан жолаушының алғашқы қадамы секілді. Адам сәбилік жастан өзіндік тұлға ретінде қалыптасу деңгейіне жетіп, онан әрі өмір көшімен іргелесіп қарттықтың ауылына қадам басады. Дәл ақырында, күндердің біріндегі жолаушы сапарының аяқталғанындай, жалған өмірдегі дәм-тұзы таусылған күйде, ерте ме, кеш пе сапардың соңғы нүктесіне табан тірейді. Бұл жайында Аллаһ Тағала: **«Біз сендерді бостан-босқа жаратты, ал өздеріңді Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма?»**-деп, бізге өмірдің алдамшы екенін жеткізуде. **(«Мүминун» сүресі, 115-аят)** Өзге жандылардан адамның басты айырмашылығы – Аллаһтың берген ақыл нығметімен өмірін дұрыс бағытқа жетелеу мүмкіншілігіне ие. Сол арқылы адам бұл дүниеге бостан-бос келмегендігін сезінеді. Алайда, күнделікті өмірін бір ізге түсіріп, жүйелеп, бақытқа жету жолындағы талпыныс үшін жалғыз ақылдың өзі жеткіліксіз. Олай болса, ақылдың да бір жол көрсетушіге мұқтаждығы бар. Өйткені мына дүние адам баласы үшін арнайы сынақ мерзімі етіп жаратылған.

Қысқа ғана жалған дүниеде адам баласына тура жолды меңзеп көрсетушілер болғаны сияқты, керісінше тура жолдан тайдырушылар да жетерлік. Аллаһтың әмірлеріне о бастан қарсы келуші шайтан әрдайым адамды алдауға, жолдан тайдыруға тырысып бағады. Осы әрекетімен адамдардың бақытқа жетуіне кедергі жасап, сенімдеріне селкеу түсіріп, саналарына бұзылған ой тастайды. Адам баласына ақылдарын дұрыс қолдануына мүмкіндік бермей, жаман істі жақсы, пайдалы істі пайдасыз, жақсы істерді келеке-мазақ етіп көрсетеді. Сонда да болса Аллаһ адамдарды жақсы көргендіктен ақиқатты меңзеп, туралыққа жетелейтін хақ пайғамбарларды жіберіп отырған. Міне, сол пайғамбарлардың барлығы дерлік, өздері өмір сүрген дәуірлерде бақыт жолы болған Аллаһ дінін адамдарға үйретумен болды.

Демек, адамдар пайғамбарлардың насихаттарына көңіл бөліп, амал етсе, бақытты ғұмыр кешеді. Ал, егер шайтанның

қиялын қуып, ізінен ерсе, осы дүниеде және ақыретте өкінушілер мен азапқа ұшыраушылардан болады.

Адамға жүктелген аманат

Жаратылыстардың ең көркемі болған адамды және көңілге қуаныш ұялатарлық, көздің жауын жалт-жұлт еткен осынау дүниені Ұлық Аллаһ текке жаратпаған. Адамзатқа жүктелген маңызды жауапкершіліктер легі орасан зор. Жанды-жансыз жаратылыстың баршасы жер бетінің Халифасы адамға – аманат.

Аллаһ Тағала жауапкершілік міндетімізді адал орындау үшін ақыл, жақсы мен жаманды екшеу үшін ой қабілеті мен өзара тіл табысу үшін сөйлеу нығметін берді. Сонымен қатар, жақсы өмір сүруді қалаған әрбір жанның бойына әділет және мәрхамет сезімін дарытқан. Өкініштісі, кей адамдар осындай асыл сезімдерін аяқасты етіп, бақытсыздықтан бастарын құтқара алмай жатыр емес пе?!

Бұл дүниеде біз секілді түрлі тіршілік иелері қатар өмір сүруде. Жан-жануарлар, құрт-құмырсқа, шыбын-шіркей, өсімдік пен сан алуан гүлдердің де өзіндік ерекшелігі, өмірі бар. Сондықтан оларды өзімізден төмен санап, орынсыз жәбірлеп, өлтірумен қиянат жасауға жол бермеуіміз керек. Өйткені, олар да Аллаһтың рахметімен жаратылған мақұлықтар және әрбіреуі бізге бір-бір аманат болып табылады. Біз үшін жаратылған жан-жануарлар мен барлық жандылардың бір ерекшелігі – олар табиғат теңдігін сақтау қасиеттеріне ие. Сол үшін де барлық жан иелері Аллаһ өлшеп берген заңдылық шеңберінде өмір сүруде. Құран Кәрімде «Рұм» сүресінің 26-аятында : **«Көктер мен жердегі әркім Онікі. Тұтас Оған бойсұнады»**-деп, еш нәрсенің қажетсіз жаратылмағанын көрсетуде. Олай болса, нағыз ақыл иелері ретінде Аллаһтың аманаттарына қиянат етпегеніміз жөн.

Ислам діні – бақыт жолы

Шынында, біздің бітім-болмысымызды өзгелерден гөрі Аллаһ Тағала жақсы біледі. Тіпті, көкірегіміздегі құпияға дейін.

Өйткені, Ол – біздің жаратушымыз. Бізді жақсы көреді және біз де Оны әрі жаратқан нәрселерін жақсы көреміз. Бес күндік жалған дүниеде қай жолдың бақытқа не бақытсыздыққа апаратынын Аллаһ өте жақсы білуші. Сондықтан Аллаһ осы дүниеде бақытсыз өмір сүруімізді қаламайды. Жамандық пен жағымсыз іс-әрекеттерден ұзақтап, бақытты ғұмыр кешуіміз үшін көшбасшы ретінде бізге пайғамбарлар жіберген. Пайғамбарлар да біз секілді адам. Аллаһ оларды да адамдар арасынан таңдады. Сонан соң өз қамқорына алып, ерекше қорғаумен тәрбиелеп өсірді. Жақсылықты жанындай сүйетін әділетті, тура, шыншыл болған бұл Аллаһтың құлдары дінді бізге үйретіп келді. Демек, Аллаһтың елшілері жеткізген хақиқи дін біздің бақытты болуымызды көздеген нұрлы өмірдің нақ көрінісі.

Адам әуелі жаратушысымен, қоғамымен, қоршаған ортамен байланысудың нәтижесінде бақытты болудың сара жолы саналған Ислам дінімен жүрсе ғана екі дүние бақытына ие болары айдан анық. Расында діниміз Құранда айтылғандай: **«Аллаһтың қасында шынайы дін Ислам»** деген ұлы мәртебеге ие жалғыз ғана тура жол. **(«Әл-Имран» сүресі, 19-аят)** Ал, Пайғамбарымыз (с.а.у.): ***«Әр бала Исламды қабылдайтын табиғатпен (жаратылыс) туады»***-деп, діниміздің шынайылығын бірауыз сөзімен қуаттаған.

Хз. Адам (а.с.)-нан Хз. Мұхаммед (с.а.у.)-ға дейінгі пайғамбарларға иман

Аллаһ Тағала адамдарды жер бетінде жалғыз қалдырмай, олардың бақытты ғұмыр кешулері үшін хақ жолдың хабаршысы болған пайғамбарларды кезең-кезеңімен жіберген. Алғаш жаратылған Хз. Адам (а.с.) пайғамбар адамзат баласының әкесі әрі әуелгі пайғамбар болып табылады. Содан да болар, барша адамның тегі Хз. Адам (а.с.) пайғамбарға барып тіреледі. Жер бетінде тіршілік етуші халықтарды ұлтына, тегіне, діліне, дініне бөлмей, түгелдей адамзат баласы деп атауымыздың сыры осында жатыр. Хз. Адам (а.с.) пайғамбардан ақырғы пайғамбар Хз.

Мұхаммед (с.а.у.)-ға дейінгі аралықта көптеген Аллаһ елшілері келген. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) сол барша пайғамбарлардың кенжесі. Мұның растығын Аллаһ Құранда «Әнбия» сүресінің 107-аятында былай көрсетеді: **«(Мұхаммед с.а.у.) Біз сені бүкіл әлемге рахмет етіп қана жібердік».** Бұл аяттан байқағанымыз, бұрынғы өткен пайғамбарлар бір қауымға ғана келсе, Мұхаммед (с.а.у.) барша жаратылыс иесі мен адамзат баласына мейірім пайғамбары болып жіберілген. Олай болса, Аллаһ бұдан кейін ешқандай пайғамбар жібермейді.

Біз Аллаһтың бар және бірлігіне сенгеннен кейін, барлық пайғамбарларды бір-бірінен бөліп-жармай, барлығының да тура жолды нұсқаушы екендіктеріне иман келтіреміз. Соңғы пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.)-ды жақсы көргеніміздей, оларды да жақсы көреміз. Оларды да жіберген Аллаһ Тағала әрі бәрінің де адамдарға насихаттап, жеткізгені бір ғана тура жол деп күмәнсіз қабыл етеміз. Десек те, имандылықты ту еткен пайғамбарлар әр түрлі ортада дүниеге келгенімен, арқалаған аманаттары бір, яғни таухид діні. Сондықтан Аллаһ тарапынан келген дінді – Ислам десек, жіберілген барша елшілерді – Ислам пайғамбарлары деп атаймыз.

Тарихқа көз жіберсек, әрбір дәуірдің адамдары өздеріне жіберілген дінге өзгеріс енгізіп, бұзақылыққа жол беріп отырған. Ал, Аллаһ елшілері болса, қоғам ішінде дінді таратып, қауымдарды әрқашан жақсылыққа үгіттеген. Уақыт өте пайғамбарлар дүниеден өткен соң адамдар қайтадан Аллаһтың жіберген дініне өздерінің сенімі мен түсініктерін енгізіп келген. Аллаһ дінінде осылайша бұрмалаушылықтар орын алды. Аллаһ адамдарға ерекше рақымдылығын байқатып, жіберген қателіктері себебінен тәубелеріне келулері үшін қайта пайғамбарлар жіберумен болды. Мұның өзі адамзат баласына деген Жаратушының үлкен бір ескертуі еді. Осылайша, пайғамбарлардың тізбегі ақырғы елші етіп жіберілген Мұхаммед (с.а.у.)-ға дейін жалғасып келді.

Ақиқатында Аллаһтың жіберген дінінің түпкі негізі бір

болатын. Адамдарға жақсылық пен ізгіліктің шеңберінде өмір сүру үшін арнайы жіберілген діннің өзгеруі бұзақыларды еш бақытқа жеткізе алмады. Ақырында Аллаһтың хақиқи дінінен алыстаушы жандар анық адасушыларға ұшырады. Мұны ескерген Аллаһ Тағала адамдар әркез ақиқаттан ұзақтап, шынайы сенімнен хабарсыз қалмасын деп пайғамбарлар арқылы жақсылық пен туралықты әрдайым естеріне салып отырған. Құранда Аллаһ Тағала: **«Әр үмметтің бір пайғамбары бар. Оларға пайғамбарлары келген заман, араларына туралықпен үкім болады. Сондай-ақ олар зұлымдыққа ұшырамайды»** -деген. **(«Юнус» сүресі, 47-аят)**

Ислам діні адамдар тарапынан бұрмаланбаған жалғыз-ақ хақ дін. Дініміздің негізгі мағлұматтары соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.)-ға жіберілген Ұлы кітабымыз Құранда ап-ашық түсіндіріліп жазылған. Ғасырды ғасырға жалғаған Құран кітап еш өзгеріске ұшырамастан бүгінге дейін жетті, әрі ақыретке дейін сол қалпында сақталмақ. Демек, қасиетті Құранның қорғаушысы да, қолдаушысы да – бір Аллаһ.

Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлар тізбегі:

1.Адам (а.с.)	**7.**Лут (а.с.)	**13.**Әйюб (а.с.)	**19.**Әлиасағ (а.с.)
2.Идрис (а.с.)	**8.**Исмайл (а.с.)	**14.**Зулкифл (а.с.)	**20.**Дәуід (а.с.)
3.Нух (а.с.)	**9.**Ыскақ (а.с.)	**15.**Юнус (а.с.)	**21.**Сүлеймен (а.с.)
4.Һуд (а.с.)	**10.**Шуғайб (а.с.)	**16.**Мұса (а.с.)	**22.**Зәкәрия (а.с.)
5.Салих (а.с.)	**11.**Якуб (а.с.)	**17.**Һарун (а.с.)	**23.**Яхия (а.с.)
6.Ибраһим (а.с.)	**12.**Юсуф (а.с.)	**18.**Иляс	**24.**Иса (а.с.)

25.Мұхаммед (с.а.у.) соңғы пайғамбар.

Қасиет тұнған кітаптар

Ақиқаттың арашашысы, жақсылықтың жаршысы болған пайғамбарлар, Аллаһ пен адамдар арасындағы рухани көпір іспетті. Олар Аллаһ сөзін бізге жеткізуші болғандығы үшін елші деген атқа ие. Ал, Аллаһтың пайғамбарларға берген хабарлары – **уахи** деп аталады. Уахи – Аллаһтың сөзі, хабары деген мағынаны береді.

Аллаһтың жіберген хабарларының яғни, уахи жиынтығынан қасиетті кітаптар құралған. Мұндай кітаптар адамдарды тура жолға салу мақсатында уахи жолымен пайғамбарларға арнайы жіберілген.

Аллаһ Тағала өз қалауымен кей пайғамбарларды кітап иесі етсе, енді біреулеріне бірнеше парақтардан құралған кітапшалар берген.

Бүгінгі таңда жер жүзінде Аллаһ тарапынан келгендігі анық мойындалған төрт үлкен кітап бар. Олар: Таурат, Забур, Інжіл және біздің қасиетті кітабымыз Құран Кәрім. Таурат пен Забур яһудилердің, Інжіл христиандардың, ал Құран күллі мұсылман жұртшылығының қасиетті кітабы. Алайда, біз алдыңғы үш кітаптың негізгі түп нұсқасына толықтай сенеміз. Бірақ, бүгінгі яһудилер мен христиандардың қолданысындағы кітаптарды бұзылған, бұрмаланған деп қабылдаймыз. Енді осы төрт кітапқа қысқаша мәліметтермен тоқтала кетелік.

Таурат

Таурат – Мұса (а.с.) пайғамбарға жіберілген бүгінгі яһуди халқының киелі санаған кітабы. Аллаһ Құранда: **«Ішінде адамдарға тур жол және нұрды қамтыған Тауратты жібердік»**,-дейді. (**«Мәида» сүресі, 44-аят**) Бұл Аллаһ жіберген кітаптардың ішіндегі ең көнесі болып табылады. Яһудилік дегеніміз – бір діннің және бір ұлттың аты. Демек, яһудилік тек яһуди болғандардың діні. Хз. Мұсаға келген асыл Таураттың негізі бүгінге дейін еш сақталынбаған. Таураттағы діни міндеттер мен мәселелер заман өткен сайын адамдар тарапынан өзгеріске ұшыраған. Алайда, бүгінде сол өзгеріске ұшырап, туралықтан тайған Таурат яһудилердің киелі кітабына айналып отыр.

Забур

Забур – Хз. Дәуіт (а.с.) пайғамбарға жіберілген яһудилердің Таураттан кейінгі қасиетті саналатын екінші кітабы. Құранда: **«Біз Дәуітке Забурды бердік»**,- делінген. (**«Исра» сүресі, 55-аят**)

Бүгінгі күннің өзінде осы кітап Тауратпен бірігіп, оның бір бөлімі іспетті көрінуде.

Нақты дәлелдің болмағандығынан, Забурдың ең алғаш қашан кітап халіне келгені белгісіз. Аталмыш кітап әмірлер мен тыйымдарды қамтиды. Өлең түрінде жазылған бұл кітап үгіт-насихаттарды жеткізуден де шет емес.

Інжіл

Аллаһ тарапынан жіберілген үшінші кітап – Інжіл деп аталады. Хз. Иса (а.с.) пайғамбарға түскен және бүгінде христиандардың бірден-бір қасиетті кітабы ретінде саналады. Аллаһ Құранда: **«Біз пайғамбарлардың артынан Мәриямұлы Исаны өзінен бұрын түскен Тауратты растаушы етіп жібердік. Оған (Исаға): өзінің алдында түскен Тауратты растаушы әрі тақуаларға тура жол және насихат ретінде ішінде тура жол және нұрды қамтыған Інжіл бердік»,-дейді. («Мәида» сүресі, 46-аят).** Інжіл кітабы Хз. Исаның көзі тірісінде еш өзгеріске түспеген. Оның дүниеден өтуінен кейін көптеген дін адамдары өздерінің көзқарастарын алға тарта отырып, бір-бір Інжіл жазып шықты. Адамдардың қым-қиғаш көзқарастарының орын алуы, жеке абырой-бедел мен жекелеген мақсаттардың алға шығуы, Інжілді ортақ кітап ете алмады. Себебі, әрқайсысы өз қолындағы Інжілді дұрыс деп қабыл етіп, оған сенім артқан. Кітаптың жазылуынан туындаған бір-біріне қарама-қайшы көзқарастар христиандар арасында сенім тұрғысынан келіспеушілікті тудыра түсті. Мұның соңы үздіксіз діни қақтығыстарға жол ашып берді. Христиан дін адамдары өрши түскен қақтығысты тоқтату үшін және кітаптың бірлігін сақтап қалу мақсатымен Хз. Исаның туылуынан 325 жылдан кейін Түркияның Изник қаласында үлкен жиналыс өткізеді. Ұзаққа созылған тартыстан кейін саны көп Інжілдің төртеуін қалдыруға дінбасылары ортақ шешім қабылдайды. Міне, бүгінгі христиандардың қолындағы Інжіл төрт автордың інжілінің жиынтығы саналуда. Ақыл тұрғысынан алып қарағанда, адамның сөзі араласқан мұндай Інжіл кітаптарын Алланың сөзі деу үлкен әбестік болар еді.

Құран Кәрім

Барша мұсылмандар Құран Кәрімді оқып әрі сол арқылы жамандықтан тыйылып, жақсылыққа ұмтылып, амал етумен келеді. Демек, Құран – адамдарға Аллаһтың тура жолын көрсету үшін сүйікті Пайғамбарымызға (с.а.у.) жіберілген ең соңғы хақиқи кітап. Аллаһ Тағала: **«Негізінен Құранды Қадір түнінде түсірдік»**,-дейді. **(«Қадір» сүресі, 1-аят)** Құран Кәрімнің әкелген үкімдері ақыр-қияметке дейін жалғасары хақ әрі басқа қасиетті кітап келмек емес. Оның алдыңғы кітаптардан басты ерекшелігі – Пайғамбарымыздың көзі тірісінде жазылуы. Мұнымен қатар, Аллаһ Елшісі (с.а.у.) сахабаларына уахиды келген мезетінде жаздырып, жаттатқызып отырған. Құранды жаттау амалы бүгінге дейін жалғасып келді және мұнан әрі де жалғасын таба бермек. Қасиетті кітап пайғамбарымыз қайтыс болғаннан кейін де мұсылмандардың қолында жазулы күйінде қалды.

Мәселен, Таурат Хз. Мұсаның өлімінен кейін 700 жыл өткен соң, ал Інжіл кітабы Хз. Исадан 100-150 жылдан кейін жазылып, кітап халіне келтірілген. Ал, Құран аяттары болса, Мұхаммед (с.а.у.)-нің көзінше жазылып күнделікті қайталанып отырды.

Қасиетті Құранның тағы бір ерекшелігі – алдыңғы үш кітап секілді белгілі бір ұлтқа немесе арнаулы кезеңге ғана емес, жер бетіндегі барлық адамдарға жіберілген Аллаһтың ардақты сөзі. Ұлы Аллаһ Құранды алдыңғы кітаптар сияқты бұзылып кетуінен сақтап, оны қияметке дейін қорғайтындығын аяттар арқылы білдірген. Аллаһ Тағала былай дейді: **«Расында Құранды біз түсірдік. Әрі шын мәнінде оны Біз қорғаушымыз». («Хижр» сүресі, 9-аят)** Сондықтан, Құранның бір әрпін өзгертуге ешкімнің күші жетпейді екен. Ол жаратушы тарапынан қорғалған жалғыз ғана қасиетті кітап.

Әлбетте, адам баласы Аллаһтың Құран Кәрімдегі белгіленіп-көрсетілген жолымен жүрсе, Жаратушының разылығын алып, сүйіспеншілігіне бөленері хақ. Себебі, Аллаһ Тағала өзін жақсы көргенді назарынан тыс қалдырмайды. Адамды және осынау әлемді жаратып, жүрегімізге өзіне деген сүйіспеншілік сезімін ұялатқан Аллаһ Тағала жаратқан құлдарына шексіз мейіріммен

қарайды. Құранда былай делінеді: **«Ол мені жаратқан, маған тура жол көрсетеді. Ол маған жегізеді де, ішкізеді. Ол қашан ауырсам, маған шипа береді». («Шұғара» сүресі, 78-80-аяттар)** Ойланып қарағанға жерлердің және көктердің жаратылуы, барша жаратылысқа мейірім шуағын төгуі Ұлы Аллаһтың құдіреттілігі емес пе?!

Иләһи кітаптар мен парақтар

Аллаһ тарапынан пайғамбарларға жіберілген кітаптардың кейбіреулері бірнеше беттерден тұратын кішкене кітапшалар. **«Парақтар»** деген мағынаны білдіретін бұл кітапшалар **«Сұхуф»** деп аталады. Ал қалғандары **«Төрт үлкен кітап»** делінеді. Кітаптар мен парақтар қандай пайғамбарларға және қанша жіберілгенін білейік.

Парақтар мына пайғамбарларға жіберілген:

1) 10 бет – Адам пайғамбарға (а.с.)

2) 50 бет – Шит пайғамбарға (а.с.)

3) 30 бет – Ыдырыс пайғамбарға (а.с.)

4) 10 бет – Ибраһим пайғамбарға (а.с.) түсірілген. Барлығы 100 парақ.

Ал, төрт үлкен кітап төмендегі пайғамбарларға түскен:

1) Таурат – Мұса пайғамбарға (а.с.)

2) Забур – Дәуіт пайғамбарға (а.с.)

3) Інжіл – Иса пайғамбарға (а.с.)

4) Құран Кәрім – біздің пайғамбарымыз әрі әлемнің нұры хазіреті Мұхаммед саллаллаһу алейһи уәссәләмға жіберілген.

Ара өзіндегі мұғжизаны және өз атынан түскен сүрені қалай түсіндіреді?

Жаратылысымнан кіп-кішкентай бал арасымын. Мына шексіз дүниеде, оның ішіндегі миллиондаған, миллиардтаған жандылардың ішіндегі ең кішкентай жаратылыстың бірімін.

Ұлы Аллаһ Тағала адамдарға жіберген соңғы қасиетті кітабында маған ерекше көп көңіл бөліп, әрі мен жайлы әңгімелеуде. Хз. Мұхаммед (с.а.у.) да Аллаһтың әмірімен Құран Кәрімдегі бір сүреге менің атымды қойған. Мұны білген кезде өзімді сондай бақытты сезіндім.

Бұл сүреде Ұлы Аллаһ маған қалай ұя жасайтынымды, оны қалай құрастыратынымды, көз жетпес қашықтықтан демде жол тауып келуімді, әдемі гүлдерден шырын алып, ақырында тілге тәтті балды қалай жасау керектігін үйретті.

Біз де мұндай құдіретті амалға бас иіп, таңғажайып геометриялық жоспар арқылы математикалық есеппен ғана жүреміз. Ең алдымен алты бұрышты бөлме секілді ұяшықтардың тізбектелу құрылысын бастаймыз. Мұнан кейін алуан түрлі гүлдердің шырындарын жырақ жерлерден әкеліп, оны ішкі құрылыстың шеберлігімен балға айналдырамыз. Бұл істі басқа да бауырларымызбен бірлесе, қателікке жол берместей күшпен жасап шығамыз.

Раббымыздың үйретуімен ең тәтті күйде әрі одан емдік қасиеті мол бал жасау үшін күндіз-түні әрекет етеміз. Өздеріңіз байқаған боларсыздар, мұнан Раббымыздың бізге әр нәрсені үлгі етіп көрсеткендігін бағамдаймыз. Мұнда еш нәрсенің бос, маңызсыз жаратылмағандығының терең түсінігі жатыр. Ағаштарға, құстарға, алуан түрлі гүлдерге, сылдырап аққан өзендерге, көк аспанның сәні болған жұлдыздарға қарап-ақ, бұл жаратылудың шексіз күш иесі мен құдіреттің өзіне ғана тиісті екенін танып білуіміз керек. Ғажап үйлесімділікпен жаратылған әдеміліктердің өзі дүние таразысының теңдігін сақтап, адамдардың бақытты болуы үшін үздіксіз қызмет етуде. Осы

сөзіме зер салған жан араларға берілген кереметтілікті де ұмытпасы анық.

Сіз айналаға қарап, соның ішінде қандай нәрсені бағытқа ала отырып Аллаһты көп еске алдыңыз? Бұл жайында бір мәрте болса да ойланып көрдіңіз бе? Әрине, ойлану үшін әуелі Құранды көбірек оқып, оның ұлы мақсатын білгеніңіз жөн. Мәселен, менің атыма берілген сүренің өзінде бірнеше тақырыптар орын алған. Келіңіздер, оған да бірге көз жүгіртіп, ой әлеміне сапар шегейік.

Құранда менің есіміммен басталатын сүренің бар екендігінен хабарыңыз бар ма? Бәлкім, жоқ дерсіз. Олай болса, дереу сол төңіректе айта кетейін. «Нахыл» - араб сөзі, бал арасы дегенді білдіреді. Бұл – Құранның 16 - сүресі.

«Нахыл» сүресі 128 аяттан тұрады. Аталмыш сүреде жердегі және көктегі барлық жаратылыстың әдемілігі, бір-бірімен жарасым тапқан үйлесімділігі, соның арқасында адамзат баласына қызмет жасап тұрғандығы айтылады. Адамдардың бұл берілген нығметтер турасында терең ойланып, сол арқылы Аллаһты танып, Ұлы күшке ғибадат етуге мән беру керектігін де сөз етеді. Сонымен бірге Аллаһ әміріне қарсы келушілердің халі қиынға түсетіндігін, Құран Кәрім аяттарына ақыл жүгіртіп, басты назарда ұстау қажеттілігін ұсынады.

Дәлірек айтқанда, «Нахыл» сүресі иман, күпір, әділет, жақсылық, ойлану, ақыл жүгірту, уәдеде тұру, ғылым, сабырлық және тақуалық секілді тақырыптарды қамтыған.

Сөзімді аяқтамас бұрын, есіме түскен мына бір жәйтті сіздерге баян етейін. Хз. Мұхаммед (с.а.у.) барлық жандылармен қаншалықты жақсы қарым-қатынаста болғанын білесіздер ме? Аллаһ Елшісі соғыста жүргеннің өзінде әскерлеріне және сахабаларына: ***«Сақ болыңдар! Хайуандарды өлтірмеңдер, ағаштар мен өсімдіктерге зарар бермеңдер. Әйелдерге, балаларға, құлшылық жасау үстіндегі адамға және олардың ғибадат орындарына тиісуден абай болыңдар»***,-деген. Олай болса, әлемнің әр түкпірінде зұлымдық тартушы жандар пайғамбардың осы сөзіне ауадай мұқтаж емес пе?! Әрине, зәру.

Аллаһ Елшісінің осы сөзін естігеннен кейін жақсылап ойландым. Неге ойланбасқа? Әлемге рахым етіп жіберілген пайғамбар біз секілді кіп-кішкентай жаратылысқа дейін мән беріп, адамдарға бізбен жақсы қатынаста болуды өсиет етуде.

Құранда Аллаһ былай дейді: **(Мұхаммед с.а.у.) Раббың араға: «Таулардан, ағаштардан және лапастардан ұялар жасап ал!» - деп нұсқады. (Жаратылыс қабілет берді). «Сонсоң әр түрлі өсімдіктерден же де Раббыңның қолайластырған жолына түс!» Аранын қарындарынан түрлі-түсті бал шығады. Онда адам баласы үшін шипа бар. Шынында мұнда да ойлайтын қауым үшін әлбетте ғибрат бар» («Нахыл» сүресі, 68, 69-аяттар)**

Орайы келгенде айта кеткен жөн болар, бүгінде қаншама адамдар Аллаһтың қалауымен аралар жасаған балдардан дерттеріне шипа тауып, бойларына қуат жинап жатқан жоқ па? Мұны Құдайдың құдіреті деп білсе екен.

«Соқырға бал ұсынсаң итереді,
Сол балды тіліне алса үйіреді.
Дәмін білмей, безінген мұндай жандар,
Артыннан қуып жүріп жетер еді»-деген өлең жолдарын көкірек көзі ашылмаған, Аллаһтан алыс жүрген жауапсыз жандарға арнағым келеді. Тек әрбір жаратылысқа қарап ғибрат ала біліңдер, барша адамзат!



ЕКІНШІ БӨЛІМ
ҚҰРАН ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ

Аллаһ Елшісі Мұхаммед (с.а.у.) былай дейді:

Екі түрлі адамға құштарлануға болады. Біріншісі, Құранды үйреніп, оны әрдайым оқыған. Ал, екіншісі бай болып, дүниесін Аллаһ жолында жұмсаған.

* * *

Сіздердің жақсыларыңыз Құранды үйреніп, сосын оны басқаларға да үйреткендеріңіз.

* * *

Үйлеріңізде көп-көп Құран оқыңыздар. Өйткені, Құран оқылмаған үйде жақсылық аз, жамандық көп болады. Ол жанұя әрдайым қиыншылықта болады.

* * *

Жүрегінде Құраннан бір аят немесе бір сүре болмаған кісі, қаңырап тұрған үймен тең.

* * *

Қандайда бір үйде Құран оқылса, ол жерде молшылық, береке артады. Шайтандар алыстап, періштелер келеді. Ал, Құран мүлдем оқылмаған үйде таршылық, қиыншылық жағдайлар туындайды. Рақым періштелері ол жерден алыстап, шайтандар жайлайды.

Жәбірейіл (а.с.) періштенің алғаш уахи әкелуі

Аллаһ Тағала Мұхаммед пайғамбарымызға (с.а.у.) Құран Кәрімнің алғашқы аяттарын «Нұр» тауының Хира үңгірінде уахи етті. Жәбірейіл (а.с.) періште «Әлақ» сүресінің **«Оқы!»** деп басталатын алғашқы аяттарын пайғамбарымызға осы жерде әкелген. Онда былай делінген: **«Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен жазуды үйреткен. Ол, адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен». («Алақ» сүресі, 1-5-аяттар)**

Алғашқы уахидың өзі Пайғамбарымызға (с.а.у.) қырық жасында келген. Бұл – айлардың ішіндегі, яғни он екі айдың сұлтаны Рамазан айы, мүбәрак күндердің бастауы дүйсенбі күні болатын. 610 жылы орын алған осы бір керемет оқиға Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қайтыс болуына дейін жалғасты. Құран Кәрімнің келе бастауы түндердің ең қадірлісі Қадір түні болатын. Сол үшін де барша мұсылмандар бұл түнді ұлық тұтып, дұға және ғибадатпен өткізуге тырысады. Осылай басталған уахи жолы 23 жылға дейін үздіксіз жалғасып жатты.

Құранның көңілге қонымды керемет аттары бар

Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.)-ға түскен ақырғы қасиетті кітаптың «Құран» есімінен басқа да есімдері бар. Алайда «Құран» есімі, солардың арасындағы ең көп қолданатын есім. Құранның басқа атаулары Құранда көп берілген. Бұлардың кейбірі есім болса, кейбірі сипаттары. Сондай есімдерінің бірнешеуіне қысқаша мағынасымен тоқталып өтелік:

Ұлы Аллаһ Тағаланың сөзін оқу соншалықты сауап саналатындықтан, қасиетті кітабымыз – **«Құран»** деп аталады.

Құран – Хақ пен жалғанды, жақсы мен жаманды, ақиқат пен арбаудың ара жігін ажыратып көрсеткені үшін – **«Фұрқан»** делінеді.

Құран Кәрім адам баласына қияметке дейін бақыт жолын сыйлайтындықтан – **«Нұр»** атауына ие.

Құран Кәрім әдеп пен әдеміліктің айнасы секілді. Дертке шипа беру қасиеті мол болғанындай, көкейдегі сауалдардың да жауабын дөп басып бергендіктен – «**Шипа**» деп аталады.

Құран Кәрім қандай жағдайда болмасын тура жолдан айырмағандығы үшін – «**Һуда**» сынды керемет атауды еншілеген.

Құран Кәрім адамдарға Жаратушысын, яғни өзін ұмыттырмау үшін еске алып жүруді мақсат еткендіктен – «**Зікір**» деп те аталады.

Құран Кәрім Ұлы Аллаһтың сөзі болғандықтан – «**Кәлам**» деп аталып, Жаратушы сөзінің ақиқаттығын танытады.

Гүл-гүл аяттар бөлек-бөлек түсе бастады

Құран Кәрімнің әрбір сөйлемін «**Аят**» деп атайды. Қасиетті кітаптың ішіндегі ең кішкентай сүре бірнеше аяттан құралса, кей сүрелердің ұзындығы бірнеше бетке дейін жалғасып отырады. Әлбетте, Құран Кәрім біз ойлағандай, бір мезетте кітап болып түсе қалмаған. Белгілі уақыттарды еншілеген кейбір аяттар жалпылама түссе, енді бір бөлігі белгілі оқиға орын алғаннан кейін сол оқиғаға анықтама, ескерту, баяндама ретінде түсті. Осылайша жалғасын тапқан Құран аяттары 23 жыл бойы бірінің соңын бірі жалғады. Аяттардың бөлек-бөлек түсуінің негізгі сыры мен терең даналығы осында тұр. Бұл – білімділердің білімі одан әрі кеңейе түсуі үшін Аллаһ тарапынан берілген зор мүмкіндік еді. Мәселен, күнделікті өмірімізде ой-өрісіміздің өсіп-жетілгені секілді, қасиетті Құран да күн сайын кемелденіп, бөлек-бөлек келіп түскен аяттармен толықтырылып отырған.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) 23 жылға жалғасқан пайғамбарлық дәуірінің 13 жылын Меккеде, қалған 10 жылын Мәдина қаласында өткізді. Сондықтан да Мекке дәуірінде түскен аяттарға меккелік аят делінсе, Мәдина жерінде келген аяттарды мәдиналық аяттар деп екіге бөліп атаған. Жалпы, Меккеде түсірілген аяттар иман негіздері мен ақыретке иман және әдепке қатысты мәселелерді қамтыған. Ал, мәдиналық аяттар болса, ғибадат мәселелері мен жанұя қарым-қатынасын және қоғамға қажетті жайттарды

тақырып еткен.

Аяттардың негізгі топтамасын **«Сүре»** деп атайды. Құран Кәрімде бас-аяғы 114 сүре орын алған. Аят секілді кей сүрелер қысқа келсе, кейбірі ұзын. Мәселен, «Бақара» сүресі Құрандағы сүрелердің ең ұзыны. Ал ең қысқа сүре «Кәусар» деп аталады. «Бақара» сүресі 286 аяттан тұрса, ал «Кәусар» сүресі небәрі 3 аяттан ғана құралады. Аяттардың жиынтығы сүрені білдірсе, ал сүрелердің жиынтығы Құран Кәрімнің түгел әрі толық екендігін білдіреді.

Сөз бен істің кілті – Бисмилләһ

Қасиетті Құранда бір сүреден («Тәубе» сүресінен) өзге барлық сүрелер бисмилләһпен басталып отырады. Құранда: **«Қашан Құран оқысаң, қуылған шайтаннан Аллаға сыйын»**,- делінген. (**«Нахыл» сүресі, 98-аят)** Демек, Құранды бисмилләһпен қалай оқитын болсақ, әр ісімізді де бисмилләһпен бастауымыз қажет. Сонда ғана ісіміз берекеленіп, қадамымыз нұрлана түспек. Тіпті толығымен «Бисмиләһир рахманир рахим» деп айтуды күнделікті әдетке айналдырсақ, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

Себебі, қайсыбір істің басы «бисмилләһ» болса, Аллаһ Тағала өзі жәрдем етіп, ісімізді жеңілдете түседі. Ас ішкенде, оқуға, жұмысқа бара жатқанда, сабақ оқитын кезде, ұйықтар алдында, тұрғанда, яғни, қандай да бір істі Бисмилләһ сөзін айтумен бастауға үйренуіміз керек. Істің берекесі – осында! Осылайша, бір ауыз сөзден туындаған «Бисмилләһ» сөзі мәдениетіміздің негізгі символына айналса игі ...

Сүрелердің белгілі атпен аталуы

Құран Кәрімдегі сүрелердің өз алдына бір-бір аттары бар. Олардың кейбірі Ибраһим, Юсуф, Мұхаммед сияқты пайғамбар аттарымен аталып, ерекшеленеді. Ал, енді бір сүрелер Нәжім (жұлдыз), Қамар (ай) және Шәмс (күн) секілді аспан бейнелерімен аталады. Кейбір сүрелер Таһа, Ясин, Қаф, Сад және Нун секілді

сүрелердің басындағы алғашқы сөзімен немесе әріптерімен аталады. Ғажабы сол, Исра, Мүжәдәлә, Хужурат сынды Пайғамбарымыздың өмірінде орын алған оқиғалармен аталатын бір-бір сүре атауы да бар. Инсан, Нас (адамдар), Ниса (әйелдер) және Мәриям секілді атпен аталатын сүрелер де ерекше орын алған. Мұнымен қатар, Жын, Мұнафиқ секілді сүрелер теріс бағытты көздейтін топтардан сөз еткендігі үшін осы есімдермен арнайы аталған. Қиямет, Нәбә және Текуир сынды ақырет күнінен сөз ететін сүрелердің де аттары бар. Анкабут (өрмекші), Нахыл (ара), Нәміл (құмырсқа) секілді жәндіктердің атымен аталатын арнайы сүрелер кереметке толы. Сондай-ақ, Інжір ағашын білдіретін «Тин» сүресі де ерекше атауға ие. .

Көп оқылатын сүрелер көңілге демеу, дертке шипа

Тіліміздің тұщымды сөзіне айналған **«Бисмилләһті»** Құранның - кілті десек, **«Фатиха»** сүресі оның алғашқы ашар - есігі, Құранның - анасы. Демек, Құранның бастау – бұлағы деуге тұрарлық. **«Фатиха»** сүресі бізге ұлықтауға және мәрхаматқа лайық тек Аллаһ екенін, Оған ғана құлшылық етіп, жәрдем тілеу керектігін сөз етеді.

Күнделікті өмірімізде, намаз және дұғаларымызда ең көп оқылатын сүрелердің бірі – **«Фатиха»** сүресі екені сөзсіз ақиқат. Өмірден өткен барша жақындарымыздың рухына да осы **«Фатиха»** сүресін оқып, сауабын бағыштап жататынымыз баршамызға белгілі.

Мұнан кейін, ең көп оқитын сүрелеріміздің бірі - **«Ықылас»** сүресі. **«Ықылас»** сүресінің мағынасы – берік болу, діннің негізіне сәйкес болу дегенді білдіреді. Аллаһ Тағала осы сүре арқылы Өзін ерекше танытып өткен. Сонан да болар, бұл сүре таухид сенімінің асыл діңгегі саналады.

«Ясин» сүресі де көп оқылып, маңызы тұрғысынан зор мәнге ие. Ясин сөзінің өзі «Ей, Адам!» деген мағынасына келеді. Тіпті **«Құранның жүрегі»** деп аталуының өзі тегін емес. Барша мұсылмандардың ең көп оқитын сүрелерінің қатарында. Әсіресе,

жұма кештері мен қабірді зияраттау барысында және үй ішінде Құран оқығанда, **«Ясин»** сүресін қосып оқып жатамыз. Аталмыш сүре жүректегі сенім мен Аллаһтың бар және құдіретті екендігіне дәлел. Бұл сүре адам жаратылысымен қатар өлгеннен соң қайта тірілу секілді тақырыптарды қамтыған.

Аллаһтың есімдерінің бірімен аталатын **«Рахман»** сүресі де ең көп оқылатын сүрелер қатарынан орын алады. Сүренің өзі Аллаһтың көркем есімімен басталғандығы үшін **«Рахман»** деп аталуда. Осы сүреде Ислам әдептерімен қатар, Аллаһтың бірлігі мен құдіретін дәлелдейтін аяттар және адамдарға Жаратушы тарапынан берілген сансыз ризық-несібе, нығметтер хақында сөз қозғалған.

Сүрелердің ұлылығы осында

Аллаһ сөзі Құранды шын ықыласпен қолға алып оқи бастағанға, сансыз сауаптар жазыла түсетініне төмендегі пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.)-нің айтқан хадис шарифтері куә.

Үмметімнің жасайтын ғибадаттарының ең сауаптысы, (дәрежелісі) әрі жоғарғысы Құранды жүзіне қарап оқуы.

* * *

«Фатиха» сүресін оқу әрбір дерттің шипасы. «Фатиха» сүресі оқылған үйге ешкімнің назары түспейді, сиқырлық пен дуаның да әсері болмайды.

* * *

«Бақара» сүресі оқылған үйге шайтан кірмейді. Кімде-кім «Бақара» сүресін оқитын болса, оған жәннатта тәж кидіріледі.

* * *

Кімде-кім жатар алдында «Ясин» сүресін оқитын болса, күнәлары кешірілген күйде таңды қарсы алады.

* * *

Кімде-кім «Ясин» сүресін оқитын болса, Ұлы Аллаһ ол

құлына Құранды он мәрте оқығандай көлемінде сауап жазады.

* * *

Кімде-кім «Мүлік» сүресін (Тәбәрәкәлләзи биядиһил мүлк) әрбір кеште оқитын болса, ол адамды Ұлы Аллаһ қабір азабынан сақтайды.

* * *

Кімде-кім екінті намазынан кейін «Нәбә» сүресін оқитын болса, ақыреттегі орнын көрместен өлмейді және қиямет қиыншылықтарынан қорғалады.

* * *

«Нәбә» сүресін үйреніп, оқыңыз. Егерде бұл сүредегі берілер сауапты білер болсаңыз дүние ісін тәрк етіп, үйренуге әрекет жасап, Аллаһқа жақындай түсетін едіңіз. Сол себепті Аллаһ Тағала да күнәларыңызды кешіреді.

* * *

Кімде-кім жұма күні «Кәһф» сүресін оқитын болса, екі жұма арасын нұрға толтырған болады. Сонымен қатар, «Кәһф» сүресі оқылған үйге сол кеште шайтан кірмейді. Ал, «Кәһф» сүресін толық оқитындар жәннатқа кіреді.

* * *

«Фатх»сүресін оқыған Хз. Пайғамбармен бірге Меккенің жеңісіне қол жеткізгендей сауап алады.

* * *

«Уақиға» сүресін әр күні кеште жалғасымды түрде оқыған кісі ешқашан пақырлық (жоқшылық) көрмейді. «Уақиға» сүресі қазына. Оны оқыңдар және балаларыңа үйретіңдер.

<u>Қосымша ескерту:</u> Хз. Пайғамбарымыз (с.а.у.) «Сәжде» және «Мүлік» сүресін оқымастан ұйықтамайтын болған. Содан болар: «Құтқарушыларың болған «Сәжде» сүресін оқыңдар»,-деп айтқан.

«Рахман» сүресін оқыған жандарға барлық жақсылық есіктері ашылса, «Жұма» сүресін оқығандарды бақыт пен берекебірлігі ұйыған жанұяға қауыштырады. «Қиямет» сүресін оқитын адам ақырет қиындықтарынан құтылады. Ал, «Назиғат» сүресін

оқыған жан өлім дәмін сезбестен иман байлығымен ақыретке көшу шарапатына ие болады. «Аятул Курси», «Һуаллаһулләзи» аяттарын үнемі оқып жүргендерге де өзіндік сауабы беріледі.

Демек, әрбір мұсылман біріншіден жоғарыдағы аталмыш сүрелерді жәй ғана жүзіне қарап оқығаны үшін сауап алса, екіншіден Аллаһ тарапынан уәделенген сүйіншіге қауышады. Мұндай сауаптар мен сүйіншілерден құр қалған сізге де жараспас.

Бөліктерге бөлінген Құран, оқуға жеңілдіктер береді

Қасиетті кітабымыз Құран ият-сүре болып бөлінуімен қатар ғұламалар тарапынан жүйеленген бөліктермен де ерекшеленеді. Бөліктердің бір кереметі, Құран оқуымызды біршама жеңілдетіп, ажыратуға да септігі зор. Сонымен, Құранның басынан бастап аяғына дейінгі әрбір жиырма бетіне **«бөлік немесе пара»** деп атайды. Рет-ретімен бөліктің аяқталғанын білдіретін белгілер орын алған. Яғни, әрбір жиырмасыншы беттің жанында арнайы гүл кейпінде белгілер беріліп, рет сандары да қойылған. Міне, сондай белгілеріне мұқият зер салып қарайтын болсақ, Құран кітабының басынан соңына дейін отыз бөліктен, яғни парадан құралғанын байқаймыз.

Қасиетті Құран Кәрімнің сақталуы

Аллаһ Тағала «Хыжыр» сүресінің 9-аятында: **«Расында Құранды Біз түсірдік. Әрі шын мәнінде, Оны біз қорғаушымыз»**-деп, қияметке дейін өзінің бақылауында болатындығын көрсетуде.

Өткенге көз салсақ, ардақты пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) Аллаһтан бөлек-бөлек жеткен уахи аяттарын әркез оқу-жазу білетін мұсылмандарға жаздырып отырған. Оларға, яғни уахи жазған адамдарға ***«Уахи жазушысы»*** деген ат берілді. Негізгі міндеттері – әрбір келген аятты дер кезінде жазып отыру болды. Расында да олар мойындарына жүктелген міндеттерін адал атқарып, аяттарды кемшіліксіз жазып қалдырды. Аллаһ сөздерінің

сақталынып-жазылуының басы-қасында Хз. Әбу Бәкір (р.а.), Хз.Омар (р.а.), Хз.Осман (р.а.), Хз.Әли (р.а.) және Абдуллаh ибн Сад (р.а.), Зәйд ибн Сәбит (р.а.), Зубейр ибн Ауам (р.а.), Убәй ибн Кағб (р.а.) секілді кісілер жүрді. Осылайша, Аллаh қалап сақлақ сахабалардың еткен еңбектерінің, төккен терлерінің нәтижесінде Құран Кәрім өз түпнұсқасын толықтай сақтап, бүгінге дейін ешқандай өзгеріссіз жетті.

Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) дүниеден өткеннен кейін мұсылмандардың басшысы болып Хз. Әбу Бәкір (р.а.) тағайындалған-ды. Оның халифалық дәуірінде Хз. Омардың (р.а.) жетекшілік етуімен Құран Кәрім жинақталынып, кітап халіне келтірілді. Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көзі тірісінде Құран Кәрімді бастан аяқ жаттаған хафыз кісілердің де ортақ үн қосуымен, куәлігімен жазылған уахи парақтары бірараға реттелінді. Бұл жиынтыққа **«Мұсхаф»** деген ат берілді. Себебі, «Мұсхаф» - парақтар жиынтығы деген ұғымды білдіреді. Бұл кітап Хз. Әбу Бәкір (р.а.) қайтыс болғанға дейін оның қолында болды. Хз. Әбу Бәкірден (р.а.) кейін Хз. Омарға (р.а.), онан соң Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жары, мүміндердің анасы болған Хз. Хафсаға (р.а.), кейіннен Хз. Османның (р.а.) қолына тиді. Осы тұста, Хз. Осман (р.а.) билік еткен кезеңде Ислам мемлекетінің шекарасы кеңейе түсіп, Ислам дінін қабылдаушылар көбейді. Мұсылмандар санының артуы, уақыттың талап-тілегіне орай Ислам өлкелерінің төрт тарапына Құран Кәрімді жіберу қажеттілігі туды. Адамдар арасында кітапқа деген мұқтаждықтың орын алуынан, Хз. Осман (р.а.) тарапынан Құран Кәрімнің нұсқалары көбейтілді. Жұмсалған күш, жасалған еңбектің нәтижесінде көбейтілген Құран кітаптар Ислам мемлекеттерінің жеті үлкен қаласына дейін жіберіліп, таратылды. Міне, бүгінгі күні қолымызға ұстап, әрбір мұсылман отбасының үйінде тұрған Құран Кәрім қолымызға осылайша тиіп отыр.

Пайғамбар (с.а.у.) мен Жәбірейілден (а.с.) жалғасқан үлгі

Осынау әлемнің барлық кереметтерін өн-бойына жинап алған қасиетті Құран Кәрімді бастан-аяқ оқуды **«Хатым»** деп атайды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) әр жылғы Рамазан айының кештерінде Аллаһтан келген аяттарды Жәбірейіл (а.с.) періштеге қайталап оқумен болған. Жәбірейіл (а.с.) періште де пайғамбарымызға (с.а.у.) аяттың оқылу түрлерін қайталап отырған. Осылайша, Пайғамбарымыз (с.а.у.) мен уахи періштесі Жәбірейіл (а.с.) бір-біріне Құран аяттарын жыл сайынғы ораза кештерінде қайталап тұруды әдетке айналдырған-ды. Пайғамбарымыз (с.а.у.) оқыған сәтте періште тыңдаса, періште оқи бастағанда пайғамбарымыз тыңдайтын. Қайталаудың бұл түрі **«Мұқабәлә»** деп аталады. Осы бір ізгі амал мұсылмандар арасында қияметке дейін қаз-қалпында жалғасын таппақ.

Әсіресе, Рамазан айында Құран Кәрімді бастан-аяқ қайталауға барша мұсылмандар ерекше мән берген. Пайғамбар (с.а.у.) мен Жәбірейіл (а.с.) періштенің бір-біріне Құранды Рамазан айында қайталап оқуы – сөзіміздің бұлжымас дәлелі. Құранның бұл қайталау үлгісі барша мұсылмандарға өнеге ретінде сақталынып қалды. Әр жылғы оразада күллі мұсылман жұртшылығының Құран Кәрімді түгелдей оқып, хатым етуінің басты себебі осында. Рамазан айында парыз етілген оразамызды тұтумен қатар, Құран Кәрімді де шама-шарқымызға қарай түгесіп-тауыса оқысақ, сансыз сауапқа кенелеріміз ақиқат.

Құран Кәрімді әдемі және көркем етіп оқудың қажеттілігі

Кітап атаулының ішіндегілердің ең кемелі әрі көркемі әрине – Құран Кәрім. Одан асқан екі дүниенің қажеттілігін қамтып, бақыт нұрына айналған ешбір кітап жоқ. Демек, сөздері Құраннан асқан құдіретті кітапты еш жерден таба алмаймыз. Сол үшін қолымыздан келгенше Құранды өте жақсы түрде, өмірлік қағида-ережелеріне сәйкес оқуға тырысуымыз қажет. Оны шынайы

түсініп, алға ұмтылғанда ғана бұл кітап біздің сара жолымызға айналары хақ.

Иә, алғаш түскен Құран аяттарында оқып-үйренуге қолайлылық әкелетін арнайы көрсетілген әрекет-белгілер бола қойған жоқ. Алайда, оның өзі арабтардың Құран аяттарын оқып үйренуіне еш қиындық әкелмеді. Сонау араб түбегінен бастау алған асыл дініміз Ислам әлемінің түкпір-түкпіріне кеңірек жайыла түсті. Бұл өрлеумен мұсылмандардың саны жыл санап едәуір артып, хақ діннің жолына түсушілер рухани тазалықпен қауыша бастады. Сондықтан болар, әрекет-белгілері қойылмаған Құран аяттары, керісінше, өзге ұлт адамдарының оқып-үйренуіне әжептәуір қиыншылық әкелгені рас.

Мұны ескерген, Ислам ғұламалары Құран аяттарының оқуға жеңіл, оңай болу үшін арнайы ережелерін жасап шығарды. Мұны **«Тәжуид»** деп атайды. Бүгінге дейін сонау ғұламалар көрсетіп кеткен Құран оқудың негізгі қағидалары өзгеріссіз жалғасын тауып, кітап оқушылардың көңілінен шығып келеді.

Құран Кәрімді ең көркем дауыспен оқудың өзі өнерді талап етеді. Кез келген көркем дауысты кісінің оқыған Құраны тыңдаушысын рахатқа бөлеп, жан-дүниесін рухани шаттыққа кенелтері сөзсіз. Алайда, барлығымыздың бірдей көркем әрі әдемі оқуымыз мүмкін емес. Ең маңыздысы, күш-қуатымыз бен шамамыз жеткенше айна қатесіз және көркем дауыспен оқуға ұмтылуымыз керек. Мынаны да ескерген жөн-ақ. Қай жерде Аллаһ сөзі Құран оқылса, құрмет көрсете отырып тыңдау қажет. Өйткені, Аллаһ бізге былай бұйырады: **«Қашан Құран оқылса, оған құлақ салып тыңдаңдар да үндемеңдер. Әрине, мәрхаметке бөленесіңдер» («Ағраф» сүресі, 204-аят).**

Алдымен Құран Кәрімді оқымастан бұрын жақсылап дәрет алып, тазаланып, сонан соң: **«Әғузу билләһи минаш-шайтанир ражим. Бисмилләһир рахманир рахим»**-яғни (мағынасы: «Қуылған шайтанның азғыруынан Аллаһқа сыйынамын. Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын»)-деп, бастауымыз керек. Құран оқу барысында әдемі бір кейіпке еніп,

аяттарды анық етіп оқысақ, әдемілігіміз әдемілікке ұласа түседі. Мұны күнделікті әдетке айналдырсақ, көркем оқуға деген құштарлығымыз артып, көкірек көзіміз де ашылады. Жаратқанның ұлы сөзін қатесіз оқумен қатар дауысымыздың көркемділігіне де көбірек көңіл бөлсек, сұлулықты, әдемілікті сүйетін Аллаһ бәрімізді жақсы көреді, бауырлар!

Қос риуаят

Моншақтап аққан көз жасы

Атақты саңлақ сахаба Абдуллаһ ибн Масғуд басынан өткен оқиғаны былай деп әңгімелейді:

Бірде Аллаһ Елшісі Мұхаммед (с.а.у.) маған:

-Әй, Ибн Масғуд! Маған бір Құран оқышы,-деді. Мен де:

-Иә, Расулуллаһ! Құран аяттары сізге уахи етіліп түсірілді. Оны сізге мен қалайша оқып бермекпін?-дедім. Аллаһ Елшісі Мұхаммед (с.а.у.):

-Мен Құранды өзгелердің оқығанынан естігенді ұнатамын,-деді.

Мен де «Ниса» сүресін оқи бастадым. Құранға көңілімнің кеткені соншалық «Ниса» сүресінің 41 - аятындағы: **«(Ей, Мұхаммед!) әр үммөтке бір айғақ келтіріп, сені де оларға куә етіп келтірсек кандай болар еді?!»**-деген жерге келген кезде Пайғамбарымыз (с.а.у.):

-Тоқта!-деді.

Сол кезде Пайғамбарымыздың (с.а.у.) көздерінен моншақтап аққан жасты көрдім.

Хз. Омар (р.а.) Құран аяттарын тыңдап тынығатын

Мұсылмандардың әміршісі Омар ибн Хаттаб (р.а.) дауысы керемет және Құранды мәнеріне келтіріп оқитын Әбу Мұса Әл-Ашғариды (р.а.) жиі-жиі шақырып оған:

-Әй, Әбу Мұса! Қанекей, бізге жаратушымызды еске сал,-дейді екен. Ол кісі де Хз. Омардың (р.а.) қасында көркем даусымен

Құран оқитын болған.

Сондай бір кезеңнің бірінде Әбу Мұса Әл-Ашғариға (р.а.) Хз. Омар (р.а.): «Сүйікті бауырым! Бізге керемет етіп Құран оқы да, Раббымызға деген сүйіспеншілігімізді арттыр»,-дейді.

Сол кезде Әбу Мұса керемет даусымен Құран оқи бастайды. Біраз уақыт өткеннен кейін Хз. Омарды (р.а.) намаз оқуға шақырады. Құран Кәрімге ессіз беріліп, терең көңіл-күймен тыңдап, оның шексіз тұңғиығына батқан Хз. Омар (р.а.) сол сәтте басын көтеріп:

«Біз онсыз да намазда емеспіз бе?»-деп, таңқалыс білдіреді.

Осылайша Хз. Омар (р.а.) Құранға деген сүйіспеншілігі мен оны тыңдаудағы рухани тыныштығынан намаз уақытының болғанын білмей қалып, өзін намазда тұрғандай кейіп танытқан екен.

Мұнафиқтарға ұлылығын мойындатқан кітап

Құранның қасиеттілігі мен кереметіне тереңірек үңілсеңіз, еріксіз таңдай қағарыңыз белгілі. Тыңдаған адамның жан-дүниесін баурап, жүрекке бойлай түсетіндігі соншалық, Құран мен Пайғамбарды (с.а.у.) мойындамаған мұнафиқтардың өзі қараңғы түсе салысымен Құран тыңдау үшін жасырынып келетін болған.

Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) әр күнгі кеште Меккедегі үйінің ауласында көркем даусымен Құран оқитын. Әдеттегідей күндердің бір кешінде бірнеше мұнафиқ бір-бірінен жасырынып, Аллаһ Елшісінің оқыған Құранын тыңдау үшін Пайғамбарымыздың (с.а.у.) үйінің жанына келеді. Аллаһтың құдіретін қараңыз, жасырынған әлгілер бір-біріне кезігіп қалып, Құран тыңдауға келгендіктерін айта алмай, намысқа булығып қалады. Осылайша мұнафиқтардың жолығысу сәттері жиі қайталана берді. Бір-бірімен келісім таппай, ақырында: «Құран тыңдауды доғарайық»-деген шешімге келгенімен, көңілдеріндегі Құранды тыңдауға деген құштарлық сезім оларды: «Тым болмаса, ешкімге көрінбей келіп тыңдайық»-деген нақты келісімге алып

келеді. Алайда, екіжүзділердің бұл айлалары ойдағыдай іске аспады. Себебі саналарында: «Құран тыңдап жүргенімізді біреулер көріп қойса, қалай түсіндіреміз?»-деген ой сайрап тұрды. Ертеңінен қорыққан мұнафиқтар өзара келісімде: «Бұл ісімізді жұрт түбі біліп қояды, одан да Құран тыңдауға келмей-ақ қояйық»-деп уәде байласады. Өз-өздерін ұстай алмай ақырында араға күн салмай екіжүзділер әлгі жерге Құран тыңдау үшін қайта келген көрінеді. Мұнафиқтықтың бір белгісі – уәдеде тұрмау болса, оған осы оқиға дәлел.

Міне, қасиетті кітабымыз Құран Кәрім өзіне қарсы шығып, ақиқатын жоққа шығарған мұнафиқ дұшпандарының алдында асқақ қалпында ұлылығын мойындатты.

Дұрыс түсінікке жетелейтін ашықтамалар

Құран Кәрімнің бір ерекшелігі – оны әркім оқыса, түсіне алатындай қасиеті бар. Үйренуге әрі оқуға оңай, түсіндірмесі де жеңіл. Құран айтатын тақырыбын анық және түсінікті әдіспен жеткізеді. Оның оқу мен жаттауға оңай келуі – бұл дүниеде мұндай кітаптың жоқтығына дәлел.

Құран Кәрім бізге түсіндіргісі келген нәрсесін өте әдемі тіл және ғибратты оқиғалар негізінде түсіндіреді. Сол арқылы өнегелі өсиеттеріне құлақ түріп, одан өзіндік ғибрат алуымызды бұйырады.

Рас, кейде аяттарды оқып, түсінуде қиыншылыққа кезігіп жатамыз, әрине кей тұста ғана. Оның үстіне кей аяттарда тозақ, қиямет, кәпірлер, харам, мұнафиқтар жайында айтылғандықтан оқылуы қиын келеді. Ал жәннат, ислам, мұсылман, пайғамбарлар сынды көңілге жағымды аяттар кездессе оңай оқылады. Түсіне білгенге Аллаһ сөзінің хикметі осында жатыр емес пе?! Тіпті кейбір аяттарда әдеби өнер басымырақ келгендіктен әбден түсініксіз болуы мүмкін. Бұл кедергіден шығудың да жолы бар, яғни, тәпсір кітаптарына назар аударуға тура келеді. Тәпсір – бір сөздің немесе бір сөйлемнің толықтай ашықтамасы дегенді білдіреді. Діни терминде әрбір аятқа арнайы тоқталып, ашықтама жасалған туындыға **«Тәпсір кітабы»** деп атайды. Бұл тек Құран Кәрімнің ашықтамасына берілген тиесілі атау. Мұнымен қатар,

әр ұлттың тіліне орай Құранның аудармасы және тәпсірі болатынын да білген жөн. Құранның төл тілге аударылғанын мағынасы десек, ал кеңінен ашықталып жазылғанын – тәпсір деп атаймыз. Бүгінде Халифа Алтай атамыздың аударған Құран кітабы елімізге кеңірек таралған.

Құран Кәрім - адамзат баласын бақытқа жетелейтін сара жол

Құран Кәрім – адамзат баласын ең тура жолға шақырушы бірден-бір сара жол. Оның шақыруына құлақ түрген жандар әділетсізік, зұлымдық, үстемдік секілді қараңғылықтан жарыққа шығып, Исламның шексіз бақытына қауышады. Әлбетте, Аллаһ сөзі Құранның әміріне мойынсұнғандар әлсіздер мен қараусыз жетімдердің және іздеушісі жоқ жандардың қамқоршы-тірегіне айналады. Ал керісінше, менмендік, сарандық, тәкаппарлық сияқты күллі жаман әдет пен теріс пиғылдардан бойын аулақ ұстай бастайды. Аллаһ Құранда былай деген: **«Сақ болыңдар! Расында көктердегі әрі жердегі нәрселер Аллаһтікі. Біліңдер! Аллаһтың уәдесі хақ. Бірақ олардың көбі білмейді. Ол тірілтеді, өлтіреді. Сондай-ақ Оның алдына қайтарыласыңдар. Ей, адамдар! Сендерге Раббыларың тарапынан бір үгіт, жүректегілерге бір шипа, сенушілер үшін тура жол және рахмет (түрінде Құран) келді. (Мұхаммед с.а.у.): «Олар Аллаһтың кеңшілігі, мәрхаметімен қуансын. Өйткені, Құран олардың жиған-тергенінен хайырлы» де. (Юнус» сүресі, 55-58-аяттар)**

Аллаһтан қорыққан әрі Құран Кәрімнің қағидаларын жетік меңгеріп, оны көңіл төріне орналастырған мұсылман кісі, көрші ақысы секілді жауапкершіліктерді санадан тыс қалдырмасы анық. Хақ жолда жүріп Аллаһ сөзін ақиқаттың жаршысы, ал Құранды тура жолдың туы еткендер харам нәрселер мен жалған іс-әрекеттерге қадам жасамайды. Қасиетті Құран бізге жалғанның орнын шындық, екіжүзділіктің орнын шынайы сенім, сарандықтың орнын жомарттық басатынына толық кепіл етеді.

Мұның басты дәлелі, надандық дәуірінде ар-намысы тапталған әйелдердің құқықтарын қайтарып, оларға сый-құрмет

көрсетудің жоғарғы үлгісін Құран Кәрім алып келгендігі Ислам тарихынан белгілі, оған өткен ғасырлар куә. Жәһилдік кезеңді бастан кешірген арабтар жаңа туылған қыздарды тірілей көміп, ер баланың туылуын ғана қоштайтын. Мұндай әдепсіздік пен әділетсіздікке бой алдырған қоғамға қыздың да, ұлдың да Аллаһ тарапынан берілген нығмет, сый екендігін ең алдымен, Құранда айтылған әмірлер жеткізді. Берекесіздікті бастан кешірген сол кездегі түрлі қоғам иелері Құран әміріне мойынсұну арқылы ата-аналарын аялап, балаларына қамқорлық таныту нәтижесінде «ең бақытты отбасы» деген атауға сай болды. Осыдан соң, шын мәнінде адам құқықтарын шынайы бағалайтын қоғам бірте-бірте қалыптаса бастады. Әрине, мұны қасиетті Құранның адамзатқа сыйлаған бақыты мен сыйы деп неге айрықша атап өтпеске?! Демек, әр отбасы мүшелері Құранда бұйырылғандарды іске асырса, бұл жалған дүниеде бақыттылардың бақыттысы болып қала бермек. Бағалай білсек, Құранның шарапатымен кешегі қараңғылық дәуір жарыққа, зұлымдықтың қара бұлтымен арбалғандар сәулелі нұрға айналды емес пе?! Соның нәтижесінде әділдік, құқық және өзара міндеттердің шекарасы түбегейлі белгіленді. Олай болса, Құран адамдардың бақытты өмір сүрулеріне жол ашып, күндей болып сәулесін шашуға әрқашан дайын деуге тұрарлық дара кітап. Аллаһқа сансыз шүкір, Құранның көрсеткен мұндай ізгі қасиеттерін бойына дарытып, имандылыққа бет бұрушылардың қатары жыл санап арта түсуде. Шексіз сүйіспеншілікке толы ойымызды тұжырымдасақ:

Құран – адамдарға жаманшылықтан сақтануды үйретті.

Құран – адамдарға ізгілікті үндей отырып, өзара жақсы қарым-қатынас жасаудың үлгісін көрсетті.

Құран – адамдарға мейірім мен махаббатты, бауырмашылдық пен адал достыққа деген тазалықты жария етті.

Құран – адамдарға әдемі сыйластық пен кәусар сүйіспеншіліктің гүлін сыйлады.

Құран – адамдарға мерейлі мәдениеттің ең жоғарғы дәрежедегі үлгісін көрсетті.

Құмырсқа өз атына түскен сүрені түсіндіреді

Аллаh Тағаланың сүйікті Пайғамбарымызға (с.а.у.) үздіксіз 23 жыл бойы Құран аяттарын түсіргенін білесіздер. Сондағы барша аяттарды сахабалар жинақтап, кейін Құран кітап халіне келтірді. Соның ішіндегі «Нәміл» сүресі құмырсқалардың атасы мен Хз. Сүлеймен (а.с.) пайғамбар арасында болған оқиғаны сөз етеді.

Мен сіздерге өзімді жақынырақ таныстыра кетейін. Мен де өздеріңіз білетін бал арасы секілді кіп-кішкентай жаратылыстардың бірінен болған құмырсқамын. Ұлы Аллаh Құран Кәрімде есімімді ескеріп, маған да ерекше көңіл бөлді. Расында өзімнің соншалықты бақытты екенімді сіздерге тілмен айтып жеткізе алмаймын. Өзгелер тарапынан өлтіруге тыйым салынған жаратылыстардың бірі де бізбіз. Тіпті илеуміздің қасында от жағуға да рұқсат етілмеген.

Қаласаңыздар ең алдымен Құран Кәрімнің 27-сүресі саналатын «Нәміл» (құмырсқа) сүресімен таныстыра кетейін. Бұл сүре 93 аяттан тұрады. Сүренің бастапқысында Аллаhқа иман және оған құлшылық ету, уахи, (ғайыпқа) иман ету, көре алмаған және біле алмаған нәрселеріміздің Аллаh тарапынан білінетінін, әртүрлі нығметтер мен ризық-несібені берген Жаратушыға шүкір етуіміз керектігі, Хз. Сүлеймен (а.с.) пайғамбар мен Балқис арасындағы болған оқиғамен қатар, Хз. Мұса (а.с), Хз. Салих (а.с.) және Хз. Лұт (а.с.) пайғамбарлардың өмірінен біршама сөз етеді. Осының барлығы менің есіммен аталатын **«Нәміл»** сүресінде айтарлықтай баян етілген.

Кейбір адамдар ғибраты мол оқиғаларға, айналада қоршаған сансыз нығметтерге және әдемі жаратылыстарды жараткан Аллаhқа иман етпейді. Мұндайлардың теріс әрекетіне қарап Аллаhқа сансыз шүкір етемін.

Сіздерді кішкентай жаратылыс болған құмырсқалардың тіршілік тұрмысымен таныстыра кетейін. Оқысаңыз, еріксіз таң қалатындарыңызға сенімдімін.

Жалпы, құмырсқалар жетекші, ерлер және қызметші болып үшке бөлінеді. Әрқайсымыз дүниеге өз жауапкершілігімізді біліп келеміз. Сіздер сияқты оқуға барып, арнайы тәлім-тәрбие алмаймыз. Өйткені, Аллаһ мұндай қабілеттілік пен қасиеттерді туылуымызбен бірге берген.

Бойымыздың кіп-кішкентай болғанына әрі әлсіздігімізге қарамастан Ұлы Аллаһ бізге жүйелілік, әділ есеп және тынбай қызмет ету секілді ерекшеліктер берген. Күнделікті өмір тіршілігіміздің өзі өте қиын. Қыстайғы азығымыз бір бидай дәнін ұямызға ұзақ сағаттар бойы жүріп әрең дегенде алып келеміз. Содан ба деймін, бірімізге-бірімізді демеу болсын деп, Аллаһ санымызды жүз мыңға дейін баратындай етіп қаз-қатар жүруімізді бұйырған. Ондағы мақсат – кездескенде бір-бірімізге қол ұшын беріп, жәрдемдесу. Өзге жаратылыстар секілді бізге де әдемілік пен ерекшеліктер берілген.

Біз ұяларымызды жердің астына салып, оны бірнеше жолдармен байланыстырамыз. Өйткені бізге қауіп төндіріп, кедергі жасайтындар жетерлік. Кедергіні көптеп жасайтындар адамдар мен нөсерлеп жауған жаңбыр суы. Жүзу білмегендігімізден суға тез тұншығып қалатын жағдайымыз да бар. Ал адамдардың кейбірі бізді байқамастан басып кетіп жатса, кейбіреулері әдейілеп езіп өлтіреді. Сол үшін адам баласы көшеде жүрген кезде алдына қарап, абай болып жүрсе, мұндай жағдайлар болмас еді.Тек қана сіздерден жүрген кезде аса абай болуларыңызды сұраймыз.

Қош, сонымен оқиғаға қайта оралайық. Ұлы Аллаһ Тағала Сүлеймен (а.с.) пайғамбарға бірнеше қызмет түрлерін берген екен. Жел оны қалаған жеріне алып барса, шырылдаған құстар айналада болып жатқан оқиғаларды дер кезінде жеткізіп тұрған. Ал, таулар онымен бірге Аллаһты еске алатын көрінеді. Осылайша айнала қоршаған тіршілік иелері Сүлеймен (а.с.) пайғамбарға үздіксіз қызмет көрсетіп отырған.

Аллаһ Сүлеймен (а.с.) пайғамбарға болжау білімі, үкім шығарушы, байлық, құстардың және хайуандардың тілін білетін

ерекше қабілет берген. Мұндай мүмкіншіліктерге ие болған Сүлеймен (а.с.) пайғамбардың өзі еш тәкаппарлық танытпаған. Өйткені, ол мұның бәрін Аллаһтан екенін білді. Әрі-бері зырылдаған құмырсқаларды баспайтын, оларға барынша мархамат пен сүйіспеншілік көрсете алатын жүрекке ие еді. Тіпті, Құранда мынадай аят та бар: **«Сүлеймен (а.с.)-нің жыннан, адамдардан, құстардан әскерлері жиналды. Сонда олар толық басқарылуда еді. Ол құмырсқалардың ойпатына келген сәтте, бір құмырсқа: «Әй, құмырсқалар! Ұяларыңа кіріңдер. Сүлеймен, оның әскерлері сендерді білмей жаншып кетпесін» деді. Сонда Сүлеймен (а.с.) құмырсқаның сөзіне жымиып күлді де: «Раббым, маған және әке-шешеме мәрхамет еткен игіліктеріне шүкір етуімді әрі өзің разы болатын іс істеуімді нәсіп ет те өз мәрхаметіңмен ізгі құлдарыңның арасына кіргіз!»-деді». («Нәміл» сүресі, 18, 19-аяттар)**

Бұл сүре жер жүзіндегі барлық жандылардың Аллаһқа итағат ететіндігін көрсетуде. Олай болса адамдардың баршасы жер жүзі өздері үшін ғана емес екенін, жөнсіз ешқандай жан-жануарларға зиян тигізбеу керектігін білуі қажет. Сонымен бірге барлық адамзат баласы құмырсқа, ара, өрмекшінің тағы да басқа жаратылыстың жаратылу ерекшеліктеріне ақылмен қарап, олардың дүние тіршілігінің өзара байланысы екендігін ұмытпауы тиіс.

Риуаят

Хз. Сүлеймен пайғамбар мен құмырсқа

Аллаһ Тағала өзінің елшілері болған пайғамбарларды жібергенде оларға өзіндік ерекшелік берген. Сондай пайғамбарлардың бірі – Хз. Сүлеймен (а.с.). Ол мына қоршаған ортадағы тіршіліктің тілін білген. Ондағы ғұмыр кешкен жан-жануар, құрт-құмырсқа секілді жандылармен хабар алысып тұратын болған.

Бірде Хз. Сүлеймен (а.с.) пайғамбар құмырсқадан бір жылдық жейтін қорегінің мөлшерін сұрайды. Құмырсқа да: «Бір түйір бидай жеймін. Сол маған жеткілікті»,- деп жауап береді.

Бұл жауабының нақты дұрыс немесе бұрыс екенін анықтау үшін Хз. Сүлеймен (а.с.) пайғамбар құмырсқаны бір ыдысқа салып қояды. Құмырсқаның қасына бір түйір бидай дәнін салып, ауа кіретіндей тесік қалдырады да ыдысты жауып тастайды. Осылайша бір жыл өтуін күтеді.

Хз. Сүлеймен (а.с.) мерзімі жетіп, бір жыл толғаннан кейін әлгі ыдысты ашып қараса, сол баяғы құмырсқа бүтін бидайдың тек жартысын ғана жеген екен. Сүлеймен пайғамбар да өз-өзіне сенбей, абдырып тұрып қалады да: «Неге оны бүтін жеп тауыспадың?»-деп құмырсқадан оның себебін сұрайды. Бұл сұраққа құмырсқа да еш ойланбастан: «Бұдан бір жыл бұрын жейтін несібемді ұлық болған Аллаһ Тағала беретін. Мен де Аллаһқа еш күмәнсіз сенім арта отырып бір бидай дәнін толықтай жейтінмін. Өйткені ол Аллаһ мені ешқашан ұмытпай, ризық-несібесін де үзбей беретін. Алайда сен мені қолыңа алып бидай дәнін бергеніңде: «Бұл бір әлсіз жаратылыс қой»- деп саған толықтай сенім арта алмадым. Бәлкім мені ұмытып кетіп, ризық-несібеден алыстатуың да мүмкін. Сол үшін мен бір жыл жейтін дәнімнің жартысын жеп, қалғанын келер жылға алып қойдым»,- деп тұщымды жауап қайтарған екен.



ҮШІНШІ БӨЛІМ
АЛЛАҺ ЖІБЕРГЕН ҚҰРАННЫҢ НЕГІЗГІ ТАҚЫРЫБЫ ҚАНДАЙ?

Аллаһ Елшісі Мұхаммед (с.а.у.) былай дейді:

Қайсы бір үйде Құран оқылса, періштелер тыңдауға дайын болады.

* * *

Кім Құранды оқып және оны жақсылап жаттаса, адалын адал, арам дегенін арам деп қабыл етсе, Аллаһ Тағала ол кісіге жәннатты бұйырады. Ол кісі және өзінің жанұясынан жаһаннамдық саналған он кісіге шапағат етеді.

* * *

Аллаһ Тағала Құран жолымен амал еткен қауымдарды жоғарылатады. Оған қайшы өмір сүргендерді төмендетеді.

* * *

Сендерге екі аманат қалдырып бара жатырмын. Соны толық ұстансаңдар ешқашан адаспайсыңдар. Ол аманаттың бірі – Аллаһтың сөзі Құран, екіншісі – менің сүннетім.

* * *

Құран өз алдына бір байлық. Онан кейін кедейлік болмайды және одан асқан байлық та жоқ.

Аллаh сөзі адамға қажеттінің бәрін қамтыған

Адам баласының тура жол ұстанудағы жалғыз ғана хақиқи кітабына айналған Құран Кәрімнің негізгі тақырыбы – Аллаh және адам. Қасиетті Құран бізге Аллаhтың ұлылығын, адамзаттың бүкіл жаратылыс ішіндегі ең ардақты екендігін түсіндіре отырып, өзге де жанды-жансыз жаратылыстар төңірегінде және діндегі негізгі міндеттер жайында хабар береді. Сондай-ақ, Аллаhқа, ата-анамызға, жанұямызға, айналадағы адамдарға, бізді қоршаған табиғатқа сүйіспеншілікпен қарап, олармен қалай қарым-қатынас жасаудың жолын сол қалпында көрсетеді. Демек, Құран Кәрімнің қандай да бір тақырыбы болмасын, адамдарды тура жолға жетелеп, Аллаhқа және пайғамбарға мойынсұнуымызды ерекше талап етеді екен.

Аллаh Тағаланың жер бетіне түсірген соңғы кітабы Құран иман негіздері, ғибадат шарттары, әдеп үлгілерімен бірге ішіп-жеу, үйлену, экономика және әлеуметтік мәселелерді де қамтып, адам және қоғам өміріне қатысты жәйттерден хабардар етіп, ой өрбітеді. Мәселен, Құран бізге былай бұйырады: **«Аллаh Тағалаға құлшылық қылыңдар. Оған еш нәрсені ортақ қоспаңдар. Және әке-шешеге, жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жақын көршіге, бөгде көршіге, жан жолдасқа, жолда қалғандарға және қарамағындағыларға жақсылық қылыңдар. Негізінен Аллаh тәкаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді». («Ниса» сүресі, 36-аят)**

Құран жоғарыдағы мәселелерді негізгі арқауы етіп, өткен пайғамбарлар дәуіріндегі келеңсіз оқиғалардан ғибрат үшін қиссалар келтіреді. Мұндағы мақсат – адамдар Құранда айтылған нәрселерден ғибрат, өнеге алсын деу. Яғни, жаманшылықтардың тағы да қайталанбауы үшін неғұрлым жақсы амалдар жасауды басты орынға қояды.

Құран Кәрім шынайы иман негіздерін үйретеді

Біз үшін иман байлығы бәрінен де қымбат. Сондықтан да Құран Кәрім адамдарды имандылыққа шақырады. Бекем сенімнің

биігінде – Ұлы Аллаһтың барлығы және бірлігі тұратын болса, Құран осы сенім жолына жетелері сөзсіз. Аллаһтың періштелеріне, жіберген кітаптарына, пайғамбарларына, ақырет күніне, жақсылық пен жамандықтың, әр нәрсенің Аллаһтың қалауымен болатындығына сенуіміз керек. Демек, біздегі сенім Аллаһтың бар болуымен тығыз байланысты.

Қасиетті кітабымыз адам баласын Исламға шақыра отырып, иман еткендердің табысқа кенелетінін, Аллаһқа сенбеушілердің жаманшылыққа кез болатынын ескертеді. Бұған байланысты көз алдымызға өмір сүрген көптеген қауымдардың бастарынан өткізген оқиғаларымен ескерту аяттары жиі баяндалған.

Құран Кәрім таухид (бірлік) сеніміне көп көңіл бөледі. Таухид – Аллаһқа сену және оның жалғыз екенін қабыл ету дегенді білдіреді. Сондай-ақ Аллаһты танып, Оған ғана құлшылық етіп Ұлы күш иесі екенін жүрекпен қабылдау. Таухид сенімін қабыл етіп, иман байлығына кенелгендер пұттарға табынушылыққа бой алдырмайды әрі одан жәрдем де тілемейді. Бұның басты дәлелі күнделікті бес уақыт намазда оқитын «Фатиха» сүресі екенін білгеніміз жөн. Осы аталмыш сүренің 5-аятында айтылғандай: **«(Ей, Алла!) Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз»**-деп, сәждеге бас қоюымыздың мәнісі осы.

Қарап отырсаңыз, жансыз тастан жасалған пұттарға табынып, одан медет тілеу ақыл иесіне жараспайды, тіпті ақылға сыйымсыз. Мұндай әдеттерге адамдар білімсіздік пен надандықтан барады. Егер адам Аллаһты хақ жолмен жүріп таныса, оның әмірлеріне мойынсұнып, қалағандарын орындайды. Демек, құлшылық етеді.

Ұлық кітабымыз Аллаһтың жалғыздығы жайында сөз қозғап, оған маңыз бергені үшін «Таухид» мәселесін Құран Кәрімнің жүрегі деп атаймыз. Ол жайлы қасиетті кітабымыз былай дейді: **«Тәңірлерің бір-ақ Тәңір. Одан басқа ешбір Тәңір жоқ. Ол аса қамқор, ерекше мейірімді». («Бақара» сүресі, 163-аят)** Сонымен қоса барша мұсылмандардың күнделікті тілі мен жүрегінен орын алып иман негізі саналған «Лә иләһә иллаллаһ,

Мұхаммадур Расулуллаһ» кәлимасы «Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед (с.а.у.) оның елшісі» деген мағынасымен ұлық дініміздің таухид діңгегіне құрылғанын ап-анық көрсетіп тұр. Адам баласы Аллаһтың барлығы мен бірлігін жоққа шығаратын әрекеттер жасаса, сенім тұрғысынан біраз қиындыққа ұшырары анық. Адам бойындағы иман әлсіздігінен өзін жүрегі өлген жандай сезініп, жоқ болып кетуге алып баратын әрекеттерге душар болады. Ал, Аллаһқа иман еткеннен кейін жақсы амалдар мен салиқалы істер жасау арқылы ар-ұятымызды қорғап, иманымызды арттырып отыруымыз шарт. Харам істер мен жаманшылық әрекеттерден қадамымызды ұзақтатқанда ғана иман байлығымыз қуаттана бастайды. Өйткені, адам Құран Кәрімнің көрсеткен өлшем шеңберінде жүреді. Бұл – мұсылманның сүйкімді әрі жақсы адам болуға ұмтылысының көрінісі. Аллаһ Тағала Құранда: **«Әй, мүміндер! Бір ел бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ әйелдер әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді келемеждемеңдер; жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін сүркей ат нендей жаман. Ал кім тәубе қылмаса, міне, солар залымдар»**-деп, иман келтіргендер үшін жаман әрекеттерден аулақ болуды әмір етуде. (**«Хужурат» сүресі, 11-аят)**

Құран Кәрім бұл жалған дүниенің өткінші екенін, адамдардың өлгеннен кейін қайта тірілетіндігін және ақырет күнінде осы дүниеде жасаған жақсы-жаман істерінің есебін беретіндігінен сөз етеді. Дәлел ретінде түсірілген аяттар жетерлік. Аллаһ Тағала «Хаж» сүресінің 7-аятында: **«Әлбетте қиямет келеді. Онда күдік жоқ. Күмәнсіз Аллаһ қабірдегілерді тірілтеді»** десе, «Мариям» сүресінің 95-аятында: **«Сондай-ақ олардың барлығы Қиямет күні Оған жеке-жеке келеді»**-деп, мына дүниенің жалғандығын, жасаған амалдардың есебі сұралатындығынан хабардар етуде. Сол күннің болатынын білетін Аллаһ: **«Ей, иман келтіргендер! Өздеріңді және отбасыларыңды, отыны адамдар мен тастар болған тозақтан**

сақтандар»-деп ескерту жасауда. **(«Тахрим» сүресі, 6-аят)**

Аллаһтың көрсеткен жолымен жүріп, туралықпен өмір сүргендерге шексіз ақырет бақытымен сүйіншілейді. Құранға қарап, мына дүниенің өткінші, ал ақырет өмірінің шексіздікке ұласатынын әбден байқауға болады. Олай болса, ақырет өмірін әманда есте ұстауымыз абзал.

Құран Кәрім көркем түрде ғибадат етуді бұйырады

Өміріміздің басты ұстанымы болған Құран Кәрімде Аллаһ өзіне құлшылық етуді бұйырып, Исламның негізгі шарттарын құлдарына әмір етеді. Аллаһ Құран Кәрімнің «Зарият» сүресінің 56-аятында: **«Адамдар мен жындарды Мені танып, құлшылық етулері үшін жараттым»**,-дейді. Алайда, Құранды қалай оқып, түсіну керектігін және Аллаһқа қалай ғибадат ететінімізді Пайғамбарымыздың (с.а.у.) өмір жолынан үйренеміз.

Өмірі өнегеге толы Аллаһ Елшісі (с.а.у.) адамдарға орындалуы қажет болған ғибадаттардың ең көркем түрін үйретіп кеткен. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.): ***«Мен намазды қалай орындасам, Сіз де солай жаса, қажылыққа байланысты ғибадаттарды менің орындағаным сияқты қылыңдар»***,-деп бұйырған.

Бес парыздың бірі саналатын намаз – күнделікті орындалатын ғибадат. Өйткені, Аллаһ Елшісі: ***«Намаз – діннің тірегі»***,-деген. Бұл амалды қай жағынан алып қарасақ та, тазалыққа жетелейді. Себебі намаздың алдында белгілі дене мүшелерімізді дәрет алу арқылы кірден тазалаймыз. Күніне бес мәрте жүзін құбылаға қаратып, құлшылық қылған адам өзін намаз арқылы жаманшылықтан, күнә істеуден тыяры анық. Аллаһ Тағала Құранда: **«Кітаптан саған уахи етілгенді ғана оқы да, намазды дұрыс орында. Күдіксіз намаз арсыздықтан, жамандықтан тыяды»**, - деп бізге әмір етуде. **(«Әнкабут» сүресі, 45-аят)** Сонымен қатар намаз адам баласын дүние апаттарынан, қиыншылықтардан және ақыреттегі от азабынан қорғануға

себепкер болады. Аллаһ Тағала біздерге: **«Ей, иман келтіргендер! Сабыр және намаз арқылы жәрдем сұраңдар»** - деп, намаз арқылы дұға-тілекте болуымызды бұйырады. **(«Бақара» сүресі, 45-аят)** Сондай-ақ Пайғамбарымыз (с.а.у.) әрбір ата-анаға: ***«Балаларыңа жеті жасқа келгенде намаз оқуды бұйырыңдар»*** - дей отырып, балаларымызды иман нұрымен сусындандыруымызды айтады. Бір сөзбен айтқанда, намаз адамның иман байлығын арттырып, Аллаһтың ризалығына бөлейді.

Ал, ораза жылына бір мәрте келіп Рамазан айында тұтылады. Мұның адамға тәндік және рухани пайдасы өте зор. Пайғамбарымыз (с.а.у.) бұл жайында: ***«Ораза ұстаңдар, дендерің сау болады»*** десе, келесі бір хадисінде: ***«Кімде-кім сене отырып, сауабын Аллаһтан күтіп Рамазан оразасын тұтса, өткен күнәлары кешіріледі»*** - деп, тән мен жан-дүниеге берер пайдасын сөз еткен.

Келесі ғибадат түрі ол – зекет. Аллаһ Құранда: **«Намазды толық оқыңдар, зекет беріңдер»** - деп иман иелеріне әмір етуде. **(«Бақара» сүресі, 43-аят)** Дүние-мүлікпен орындалатын зекет амалы бай мұсылмандарға ғана тиесілі. Бай мұсылмандар әр жылы дүние-мүлкінің белгілі мөлшерінен кедейлер мен кембағалдарға беріп отырады. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) қауқарлы мұсылмандарға: ***«Дүние-мүліктеріңді зекет берумен қорғаңдар»***-деп айтқан.

Пайғамбарымызға (с.а.у.) бір кісі келіп: ***«Қай амалмен жәннатқа кіре аламын, маған соны айтыңызшы»,*** - деді. Сонда Аллаһ Елшісі (с.а.у.): ***«Аллаға серік қоспай құлшылық жаса, намазыңды толық оқы, зекетіңді бер, туысқандарыңмен тығыз қатынаста бол»,***-деді. Демек, зекет амалы құлдың өзгелерге жәрдемдесу арқылы жәннатқа кіруіне едәуір себепкер болмақ.

Аллаһ Тағала кез келген амалды тектен-текке парыз етпеген. Құдіреттілігі сол, бұл амал ғибадаты бай мен кедей арасында сыйлы қарым-қатынас орнатып, сүйіспеншілікті арттырады. Жоқ-

жітік, жетім-жесірдің қаяу көңілдері Аллаһтың рақымдылығының арқасында толығып отырады.

Ал, өмірде бір мәрте қажылық жасау – күші жеткен мұсылмандарға тиісті құлшылық түрі. Ақ адал жиналған дүниемүлкі жеткілікті болған әрбір мұсылман Пайғамбарымыз (с.а.у.) туып өскен Мекке қаласындағы Қағбаны және оның айналасындағы қасиетті орындарды зиярат еткені жөн. Бұл ғибадат жер бетіндегі күллі мұсылмандардың тілі, түрі, мәдениеті сан алуан болғанымен, жаратушылары бір Жаппар Хақ, соған ғана Қағба түбінде құлшылық етіп, бауырластықты қалыптастырып сәждеге бас қою керектігін көздейді.

Мұнан басқа да ғибадат түрлеріне пітір-садақа, ораза айт және құрбан шалу амалдары жатады. Әрине, олардың да өзіндік сауабы мен пайдасы бар.

Күнделікті өмірімізде, яғни таңның атысынан күннің батысына дейінгі жасаған жұпар иісті жақсы қылықтарымыз бен мұқтаж жандарға қол ұшын созуымыздың өзі ғибадат саналады. Қараңызшы, керемет емес пе? Тіпті, шын ниетпен Аллаһ разылығы үшін құрғақшылық қысып, сусап тұрған гүлге су құю да – ғибадат. Аш құрсақ аң-құсты тойдырып қанаты қайырылғанға ем жасасақ, ол да бір құлшылық. Алайда, ең абзалы жасаған жақсылықтарымызды міндетсініп, жарияға жар салмағанымыз дұрыс. Себебі, Аллаһ біздің әр ісімізден хабардар.

Әлемнің билігі өз құзырында тұрған жалғыз Аллаһты жақсы көруіміз – сезіміміздің ең ұлысы болмақ. Аллаһ ризалығы үшін жасалған әрбір амал бізді Оған жақындата түсіп, кемелдікке жеткізеді. Жаны тән мен рухтан құралған адам баласы оның қолдауына мұқтаж, махаббатына зәру. Кейде адам баласы дертіне нендей шипа керектігін шарқ ұрып іздейді емес пе? Аллаһ бізді көркем түрде жаратты. Денеміз ішіп-жеуге қаншалықты мұқтаж болса, рухымыздың да мұқтаждығы бар. Рухымыздың аштығын, мұқтаждығын құлшылық жасау арқылы толтырып, өтей алады екенбіз. Мәселен, жасаған ғибадаттарымыз арқылы Аллаһ алдындағы міндетімізді өтесек, бір жағынан рухымыз да қуатқа

ие болады екен. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне жүгінсек, ғибадаттың барлығы иманымызды арттырып, рухымызды толтырып әрі жүрегімізде Аллаһқа деген берік сүйіспеншілікті орнатады.

Құран Кәрім Аллаһтан қалай дұға-тілек тілеу керектігін үйретеді

Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.): ***«Дұға – құлшылықтың өзегі»***,-дейді. Олай болса, дұға – мүміннің қаруы. Дұға ету арқылы Раббымызға жалбарынып, одан жәрдем сұраймыз. Демек, Оған деген мұқтаждық әр уақытта туып отырады екен. Аллаһ Тағала «Бақара» сүресінің 186-аятында: **«(Мұхаммед а.с.) егер құлдарым, Мен туралы сенен сұраса: «Өте жақынмын, қашан Менен тілесе, тілеушінің тілегін қабыл етемін...»**-дейді.

Қасиетті кітабымыз Құран көркем дұғаларды да өз бойына қамтыған. Аллаһқа, яғни жаратушы Иемізге қалай жалбарыну керектігін де үйретеді. «Ағраф» сүресінің 55-аятында: **«Раббыларыңа жалбарынып, жасырын түрде тілендер»**,-деп бұйырады. Жасалған дұғаларымыз арқылы өзімізді жаратқан Аллаһқа және оның бізге нәсіп еткен сансыз нығметтеріне шын көңілден шүкір етеміз. Әрине, адам баласы әлсіз жаратылған, сол себепті Құран аяттарына көз жүгірту арқылы бізден де үстем ұлы күш бар екенін сезінеміз. Басымызға түскен әлдебір қиындықта да қолымызды көкке жайып жалбарынамыз. Ұлы Аллаһ шынайы құлдарының жалбарына тіл катқан үнін естіп, дұғаларын қабыл етеді.

Дұға – құлшылықтың қайнар көзі. Ол Ұлы Аллаһ пен құл арасындағы перделі, нәзік жіпті байланыс. Көкіректегі құпияларды білуші Аллаһ жүректерде сактаған сырларымызды да біледі. Шарасыздық туғанда мұқтаждық күйге түскенімізді біліп, келген қиыншылықтан қорған болып, дұғаларымызға жауап береді. Алайда дұғаны шын көңілден сұрай білу керек. Сенімділікпен дұға ету жайында Пайғамбарымыз (с.а.у): ***«Қабыл етілетініне сенім арта отырып Аллаһқа дұға етіңіздер.***

Мынаны біле жүріңіздер, Аллаһ немқұрайлы қылынған дұғаларды қабыл етпейді»,-дейді. Әлбетте, Аллаһ жаратқан құлдарының қиыншылыққа түсіп, күйзелгенін әсте де қаламайды.

Сол үшін әр уақытта жатсақ та, тұрсақ та Аллаһты зікір етіп, деніміздің саулығына, сансыз нығметтеріне шүкір етіп, жалбарынышты халде дұға етуіміз қажет. «Ағраф» сүресінің 180-аятында: **«Аллаһтың көркем есімдері бар. Оған сол есімдерімен дұға қылыңдар»**,-делінген. Жер бетіндегі барлық жасырулы құпия нәрсені білетін Аллаһ Тағала адамдардың сыртқы көрік-бейнесіне емес, нағыз жүректеріне қарайды.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) құдси хадисте Аллаһтың былай дегенін жеткізген: ***«Ей, адам баласы! Дұға – сенен, қабыл ету – менен. Кешірім сұрау – сенен, кешіру – менен. Тәубе ету – сенен, қабыл алу – менен. Шүкір – сенен, арттырып беру –менен. Сабыр – сенен, жәрдем – менен. Менен не сұрадың, бермейтіндей...?!».***

Иншаллаһ, жүрегіміз тазалыққа тұнып, Жаратқанға деген дұға-тілектеріміз әрдайым үзілмесін.

Құран Кәрім бізге әдепті болуды үйретеді

Пайғамбарымыз (с.а.у.) айтқандай: ***«Тазалық – иманның жартысы»*** болса, әдеп – иманның шамшырағы, сынары іспетті. Қасиетті Құранда әдеп тұрғысынан айтылған аяттар жеткілікті және оған сай әрекет етуімізді әбден үйретеді. Содан болар, адамдардың бақыты - әдеппен өлшенсе керек. Айталық адамдарға, ата-анаға жақсылық жасау, бауырларына, жарлы-жақыбайларға, жолаушыға жәрдемдесу, ысырапшылыққа жол бермеу, берген уәдеде тұру, аманатқа қиянат жасамау, жетімнің малына қол сұқпау, өзге кісінің жанына да, малына да зарар бермеу, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, әрбір істе мұқияттылық, адалдық, бауырмалдық, сөздегі шыншылдық, әділдік, ақиқат, жомарттық т.б. секілді әдептіліктің әдемі үлгілері адам баласын екі дүниеде де бақытқа бөлейді. Мәселен, Құран Кәрімнің ең көп көздеген әдептерінің бірі - әділдік. Әділдік

сипаты - әркімнің құқығын қорғап, хақсыздыққа жол бермеуді басты мұрат тұтады. Аллаһ Тағала иман еткен құлдарына ең алдымен, адамдар арасында әділетті болуларын қалайды. Бұл жайында Құран бізге былай бұйырады: **«Негізінен Аллаһ Тағала сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларынды және адамдардың арасына билік қылсандар, әділдікпен билік қылуларынды әмір етеді..» («Ниса» сүресі, 58-аят).**

Мұсылмандардың өткен тарихына көз жүгіртсек, түрлі діндерге сенген және түрлі ұлттардан құралған адамдармен қарым-қатынас жасаған. Сонда да болса, олар қол астындағы яһудилер мен христиандарға діни тұрғыдан әлімжеттік жасамай, жақсы өмір сүрулеріне мүмкіндік берген. Бұл да бір кеңпейілділік болса керек.

Жан-дүниеміздің, рухымыздың тазалығы ибалы әдептен ажырамауда дер едік. Әдебі жақсы адамның іс әрекеті де жақсарып, айналасына нұр шашып тұрады. Адамдардың ең жақсысы – Аллаға және пайғамбарға иман келтіріп, туралықты таңдап, әдептілікті ар еткені.

Кітабымыз Құран Кәрім өтірік-аяң, сықыршылық, алдау-арбау, менмендік, әдепсіз сөздерді сөйлеу сияқты жаман әдеттерден бойымызды аулақ ұстауымызды талап етеді. Осылайша бізге бақытты өмір сүруіміз үшін әдеп шеңберін белгілеп берді.

Барлық адамның Жаратушысы алдында да, адам алдында да өзіне тән жауапкершілік міндеттері бар. Мәселен, пенде Аллаһ алдындағы міндет жүгін тек құлшылық жасау арқылы өтей алады. Ал, адам алдындағы ең маңызды жауапкершілік міндеті – оларға құрмет көрсету, жақсы әдеп таныту арқылы бұл міндетін мойнынан түсіреді. Міне, Құранның бізден талап ететіні осы нәрселер.

Құран Кәрім – адалдықтың, жақсылықтың, ізгі ниеттің нұсқаушысы

Кереметтілікке толы Құран Кәрім бізге Аллаһ Тағаланың

нені адал, нені арам қылғанын, жаман мен жақсының ара-жігін ашып көрсетіп, күллі жамандық пен харамдардан қашық жүруімізді қалайды. Аллаһ Тағала бізге былай бұйырады: **«Әй, адам баласы! Жер жүзінде болған халал, таза нәрседен жеңдер!» («Бақара» сүресі, 168-аят).** Расында терең ойлап қарасақ, жақсылық пен адалдық адам баласын бақытқа жетелесе, жамандық пен күнәлі істер көңілімізді қарайтып, жүрекке өшпестей із қалдырады.

Ең бастысы, Құран адал жолмен табыс табуға ерекше көңіл бөледі. Өйткені, ішіп-жейтін асымыздың, күнделікті қолданыстағы заттарымыздың адал әрі таза болуын талап етеді. Мәселен, доңыз еті және өлексе малдың еті секілді арам болған нәрселерді жеп-қолдануымызға тыйым салған. Бұл Құранда ашық баян етілген. «Бақара» сүресінің 173-аятында: **«Шынайы түрде сендерге өлексені, (арам өлген малды), қанды, доңыз етін және Аллаһтан басқаның атымен бауыздалғанды арам қылды»**- дейді. Ұрлық-қарлық, өсім, құмар ойындары – Құранның тілімен айтқанда, нағыз әділетсіздік тұнған арам жол, нағыз арам іс.

Құран Кәрім адамдармен жақсы қарым-қатынас жасауды әмір етеді. Зұлымдық пен әділетсіздік, өзгенің кемшілігін көріп кемсіту, бір-бірін күндеп жаман ат тағуға түбегейлі қарсы. Керісінше, тазалықты сүйетін, құрметтеуді қалайтын адамдарға үлгі боларлық қоғам құруды қалайды.

Өз жеке басымыздан бастап, көршіміз және айналамыздағы адамдармен ізгі қарым-қатынаста болуды үйретететін Құран Кәрім бізге әрдайым жүрегіміздің қалауымен жақсылық пен әдеміліктің өнегесіне айналуымызды қалайды.

Отбасы өмірінің өрнегі Құран Кәрімде жазылған

Аллаһтың сөзі Құран отбасының қоғам өміріндегі алар орнына ерекше мән береді. Отбасы мүшелерінің арасына өзара сүйіспеншілік, құрмет және бақытты өмір сүрулері үшін ата-ана мен балаларының алдындағы міндеттерін нақты белгілеп берген.

Сондай-ақ, балалардың жақсы және әдепті болып өсуін басты негізге алып, бұйырады. Аллаh Тағала «Әнфал» сүресінің 28-аятында: **«Негізінен малдарыңды және балаларыңды сын деп біліңдер»**-деп, әрбір ата-ананың мойнында жауапкершілік жүгі бар екенін ишарат етуде. Баланың алдымен ата-анаға құрмет көрсетуін әмір ете келе, жетімдер мен жоқ-жітіктерге қамқор болуымыз керектігін де айтады. Құранда: **«Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бір немесе екеуі де жандарында кәрілікке жетсе: «Түh» деме! (кейіс білдірме). Сондай-ақ ол екеуіне зекіме де, ол екеуіне сыпайы сөз сөйле»**,-деп **(«Исра» сүресі, 23-аят)** бұйырады Аллаh Тағала.

Сүйіспеншілік сезімін сыйлайтын – Құран

Иә, Құран Кәрімнің бізге үйретері көп. Неге десеңіз, өміріміз осы бір ізбен, тура жолдың соңына шам ұстап түсумен байланысты. Қасиетті кітабымыз Құран бізге отбасымызға, әке-шешемізге сүйіспеншілікпен қарауды, оларға құрмет көрсетуімізді үгіт етеді. Бізді жарық дүниеге әкелген баршамыздың ата-аналарымыз емес пе?! Кішкентайымыздан есейген шағымызға дейін қамқорлық танытқаны үшін өте жақсы көреміз. Сол себепті әке-шешемізге, бауырларымызға әрдайым құрмет сезімінде болуымыз керек. Тіпті, көршіге де шынайы сүйіспеншілік көрсетіп, қуанышының көбейіп, қиыншылығының азаюына ортақтасу қажет. Расында да, адам күні-түні көршісімен қатар отырып күнелтеді. Қазақта: **«Үй алма, көрші ал»** деген даналыққа толы әдемі сөз бар. Бұған қоса қандай ұлт болмасын, түр-түсіне, тегіне қарамай баршасын жақсы көріп, мейірімді болуымыз керек екендігін Құраннан оқып, үйрене аламыз. Аллаh адамдарды әртүрлі етіп жаратқанымен олардың бір-бірінен еш артықшылығы, не үстемдігі жоқ. Ең бастысы адам адамнан иманымен, Жаратушысына деген жақындығымен ғана ерекшеленеді.

Олай болса, бақытты ғұмыр кешуіміз үшін әрқашан бір-

бірімізді шексіз жақсы көре білуіміз керек. Сонда ғана дүние тіршілігі гүл бақшамызға айналмақ.

Тарихтар бойы жалғасқан ұлттар арасындағы қақтығыстар, елдер арасындағы соғыс адам баласына көз жасымен қайғы-қасіреттен өзге не әкелді?! Осынау өмірдегі ешбір нәрсе адам өмірінен артық емес, артық бола да алмайды. Ұлық кітабымыз бір адамға өмір сүру құқығын сыйлаудың – барлық адам баласына түбегейлі өмір бергенімен бірдей екенін, ал бір адамды өлтіру – барша адамзатты өлтіргенмен тең екендігін көрсетіп берген. Құранда: **«Кім бір мүминді әдейілеп өлтірсе, оның жазасы ішінде мүлде қалатын тозақ болады. Сондай-ақ оған Аллаһтың ашуы, қарғысы болып және оған зор қинау әзірлеп қойған»**-дейді. **(«Ниса» сүресі, 93-аят)**

Аллаһ Тағала бізді адам етіп, ақыл беріп, көркемдеп жаратты. Ой- өрісімізді, санамызды күллі жаратылыстан ұлық етті. Демек, бойымызда адамгершілік қасиет әрдайым болу керек-ақ. Сол үшін әр уақытта мұқтаж жандарға қолымыздан келгенше жәрдемдесу – адами борышымыз. «Адам» деген арда биік атымызға кір келтірмей, жақсылықтың жон үстінде жүрсек те жасауымыз керек. Ұлы кітабымыз тек осыны талап етеді.

Құран Кәрімдегі тағы бір ерекшелік Аллаһ Тағала жанды-жансыз, барлық жаратылысқа құрмет көрсетуімізді рахмет пайғамбары арқылы бізге жеткізеді. Құранда Аллаһ: **«Сен үшін түгесілмейтін қазына бар. (Өйткені) Сен керемет көркем мінез-құлыққа иесің»** -дейді. **(«Қалам» сүресі, 3, 4-аят)**

Көк аспанда күлімдеген күнді, қараңғылықта жымыңдаған жұлдызды, нұрлы айды, жаратқанның құдіретімен тамған жаңбырды, самалдай ескен желді сондай жақсы көреміз әрі жақсы көруге тиістіміз. Мөлдіреп аққан бұлақтар мен өзендерді, әдемілікті сыйлайтын алуан түрлі алқызыл гүлдерді, гүлден-гүлге қонған көбелектерді, шырылдай ұшқан құстарды да...

Жаратылысы сан қилы осы бір бөлек-бөлек кереметтер бізге күндіз-түні қызмет етіп, Ұлы Жаратушыны үздіксіз еске салуда. Мұндағы ғажайып – олардың әрбірі айнала қоршаған табиғатқа

өзіндік әр жалғап, адамзаттың өмір сүруге деген құлшынысын арттыруда. Демек, жер бетіндегі ең бағалы жаратылыс адам екенін де мойындай түсетіндей... Барлық нәрсе біз үшін жаратылған. Бізді осыншалықты жақсы көретін Раббымызды неге шексіз біз де жақсы көрмеске?!

Адамдарға еңбектегеннен өсу биігіне дейін әр нәрсені үйретуші, жүректерге сүйіспеншілік орнатушы Ұлы кітабымызды да жақсы көруіміз қажет.

Өміріміздің қуанышына айналған кішкентай балалар да сүйіспеншілікке мұқтаж, оларды аналары мерейлі мейіріммен өсіреді. Сарыауыз балапандай сүйкімді сәбилер жақсы көру үшін жаратылғандай. Әдемі боп өсіп тұрған гүлдің гүл болуына себепші топырақ пен су болса, сәби атаулының аяққа тұрып, адамзат болып өсуіне әкенің рахымы мен ананың мейірімі – басты себеп. Сондықтан да, Құран Кәрім ешкімі жоқ жетім қалған сәбилерді сүйіспеншілігімізге бөлеп, оларға адалдық танытуымызды аманат әрі әмір етеді.

Иә, әрбір сәбидің дүниеге тап-таза қалпында және күнәсіз пәк болып келетінін білсек қой. Құран Кәрімде олардың дүниеге келуі «сүйінші» сөзімен мағыналас келген. Керемет емес пе?

Олар, балғын сәбилер Аллаһтан келген сүйінші, иә бір-бір сүйінші иесі. Халқымыздың дүниеге сәби келсе, қуаныштан ағайын аралап сүйінші сұрап жататыны осыдан болар.

Бала – нығымет. Оны беруші Аллаһ Тағала құлдарына сыйлық есебінде сыйлайды. Құран сөзімен айтқанда дүниедегі ең бағалылардың бағалысы – кішкентай сәбилер! Олар Ұлы Аллаһтың шексіз құдірет иесі екендігінің бірден-бір дәлелі.

Өміріміздің өрнегіне айналған сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.у.) балаларды өте қатты жақсы көріп, ерекше көңіл бөлген. Олардың жылаған даусын ести салысымен, қиналысқа қалмасын деп намазын бітіруге асығатын болған. Балалардың бірін тізесіне отырғызып: ***«Бұлар- жәннаттың иісі»*** деуі мұның айғағы бола алады. Жетімдердің қиналуларына әсте жол бермеуші еді, қиналғандарына қатты қынжылыс байқататын. Аллаһ Елшісі

балаларды арқасына мінгізіп, олармен ойын ойнап, еркелетіп, күлдіретін. Сол балаларға ең алдымен өзі сәлем беріп, хал-жай сұраған да – пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.). Күллі балаларды жақсы көрген мейірім пайғамбары оларды бауырына басып, жүздерінен сүйгенді ұнататын. Ал, сәбилердің қиналған күй кешуі - пайғамбар жүрегінің түпкірінде қынжылыспен сақталушы еді.

Жаратушы Жаппар иеміз бізге былай дейді: **«Расында сендер үшін, Алланы да ақырет күнінде үміт еткендер және Алланы көп еске алған кісілер үшін; Алланың Елшісінде көркем өнегелер бар». («Ахзап» сүресі, 21-аят)** Міне, әділеттілік пен қамқорлықтың ізінен еруші саңлақ сахабалар, сәбилер мен балаларға мейіріммен қарап, жақсы қарым-қатынас жасауды Пайғамбарымыз бен Аллаһ сөзі жазылған Құран Кәрімнен үйренді.

Келіңіз, бірге оқиық!

Өрім өретін өрмекші немесе ол өз атына түскен сүрені қалай түсіндіреді ?

Адам әрбір жанды жаратылысқа қарап, ұлы құдірет иесін табуына болады. Мәселен, өмірлеріңізге етене жақын, емдік қасиеті мол бал арасын танып, оның бойынан Аллаһтың ұлылығы мен құдіретін, қыбырлаған тіршілік иесі құмырсқаларға қарап, адалдық жолында еңбексүйгіштігін байқаған боларсыздар. Соған қарап сіздерге өзімді жақынырақ таныстырып өтуді парыз санадым. Мақсат – бір Аллаһқа иман келтірулеріңізге себепкер бола білуім.

Мен де кіп-кішкентай жаратылыстардың бірі - өрмекшімін. Дереу жүзіңізді өзгертіп, кірпідей жиырылмай-ақ қойыңыз. Сырт көрінісіме қарап, көпшілігіңіздің сүйсінбейтіндеріңізді білемін, керісінше қорқасыздар. Мынаны ұмытпаңыздар, әлемнің Раббысы ешнәрсені бостан-босқа жаратқан жоқ. Біле-білгенге барлық нәрсе де қажеттіліктің көзі жатыр.

Аллаһ Тағала мен жайлы да Құранда арнайы сөз қозғаған. Хз. Мұхаммед (с.а.у.) Жаратушының әмір етуімен сүренің атын

менің атыммен атаған. Енді бұл сүреге түсіндіру саяхатын жасайық.

«Анкабут» сүресі 69 аяттан құралған. Негізгі тақырыптарында Аллаһқа иман, ата-анаға құрмет көрсетудің маңыздылығы, жаманшылық жасағандардың өкінішке бой алдыратыны, ал иман бақытына кенеліп, игі іс істегендерге жақсылықтың еселеп қайтарылатындығы шынайы дәлдікпен сөз етілген. Әсіресе, намаздың адамды жаманшылықтан ұзақтатып, дұға ету арқылы Аллаһқа жақындататын ғибадат екендігі айтылады. Мұнымен қатар, әрбір жаратылғандардың түбінде өмірден жоқ болып жойылып, өлетіндігі, жалған айтудың түбі жаманшылыққа душар ететіндігі, сондай-ақ әркімнің жасаған әрбір күнәларынан сұралатындығы ескертілген. Бұл сүреде Хз. Нұх (а.с.), Хз. Ибраһим (а.с.), Хз. Лұт (а.с.), Хз. Шұғайып (а.с.) және Һуд (а.с.) пайғамбарлардың өмірінен үзінділер берілген.

Енді аталмыш сүренің бізге толық қатысы бар екеніне тоқталып өтейік. Сүренің бұлайша біздің атымызбен қойылуы 41 жерде аталып өткен өрмекші торымен ұқсастырылып айтылса керек. Анкабут (тісті) өрмекші дегенді білдіреді. Демек, тісті өрмекші, торын өру барысында түскен нәрсені өлтіре алады екен. Оның торына түскен шыбын-шіркейлер еш қашып құтыла алмайды. Өзіміз жасаған тор бізге мықты болып көрінеді.

Көпшілік адамдар біле бермейді, мен сіздерге түсіндіріп өтейін. Біз өрмекшілер ең алдымен, өретін торымыздың математикалық және геометриялық есебін жасаймыз. Жасаған торымыз біздің жатар орнымыз әрі табыс көзіміз және келген қатерден қорғайтұғын мекеніміз болып табылады. Бізге құрған торымыз мықты болып көрінгенімен, өрмекші торының негізгі байланысу түптері әлсіз болып келетіні өзгелерге бесенеден белгілі. Сонан да болар, жел немесе басқалай кедергілер кезіккен сәтте еңбекпен өрген торымыз үзіліп жатады. Сүреде аталып өткен оқиғалардың баяндалу мақсаты, мысалдың өрмекші шеңберінде сөз етілуі, өрмекші іс- әрекетімен ұқсастықтың орын алуы сүренің символына айналып отыр. Қараңызшы, сол

өрмекшінің жасаған торы қаншалықты әлсіз. Мұнан алар ғибрат – Аллаһтан өзгенің жәрдемінен үміттеніп, негізсіз сенімге сүйенгендердің тірегі де әлсіз келеді екен. Адамдардың көпшілігі ақылын жұмсамастан, кей нәрселерді жер-жүзінің күш-қуаты деп түсініп, қабыл етеді. Енді бір адамдардың тобы ең маңызды әрі күштілік қуаты деп – ақша, тақ, байлық, дүние және мал-мүлікті есептейді. Осы алданышпен жалған дүниенің жылтырағын қолға түсіруге тырысып бағады. Кейбіреулері пайдасыз ілімнің жетегіне шам алып түссе, мұнан өзгелері қару мен қуатты, қорғанысты дүние нәрселерінен жоғары санайды. Өкініштісі, адамзат баласы барлық жаратылысты жаратқан иләһи күшті ұмытып, көрмей қалып жатады. Құранда Аллаһ: **«Алладан өзгені ие етіп алғандар, ұя жасап алған өрмекшінің мысалы сияқты. Шынында үйлердің осалы өрмекшінің ұясы. Егер олар білетін болса»**-деп суреттеген. **(«Анкабут» сүресі, 41-аят)**

Мысалға жүгінсек, Аллаһ Тағала жоғарыдағы адамдардың күшті деп санайтұғын нәрселердің жәй ғана желге шыдамай үзіліп жататын өрмекшінің торына ұқсатуда. Шынайы күш және қуат оның достығында болса, бұдан күшті көрінгендердің Аллаһ алдындағы дәрежесі осы өрмекшінің мысалындай ғана. Олар Ұлы Аллаһтың қалауымен өзін тәңір санаған Нәмрутты бір ғана шыбынмен әурелеп жоқ еткенін, Хз. Мұхаммедті (с.а.у.) өлтіруге әрекет етушілердің жолына өрмекші торын қойып, Елшісін құтқарып, дұшпандарды кері қайтарғандығын білмейді ме?! Әрине, бұл ақиқатты біледі. Ал, болмашыға алданған қас дұшпан секілділер негізгі ақиқатты мойындамайды. Сүйікті Пайғамбарымызды (с.а.у.) сөз еткеннен кейін, мені бақытқа бөлеген оқиғаны да айта кетейін.

Хз. Мұхаммед (с.а.у.) Меккеден Мәдинаға көшіп бара жатқан кезінде қайырлы бір қызмет жасаған едім. Ұлы Аллаһ Хз. Мұхаммед (с.а.у.) мен Оның жол серігі әрі сенімді досы Хз. Әбу Бәкірді (р.а.) дін дұшпандарынан қорғау мақсатында үңгірге аялдатты. Сол сәтте есік аузына тор құруды маған міндеттеген еді. Мен үшін сондағы ең үлкен бақыт – Хз. Мұхаммедтің (с.а.у.)

нұрлы жүзін көруім болды. Сондағы Хз. Мұхаммед (с.а.у.) мен сенімді серігі Хз. Әбу Бәкірмен өткізген уақыттарым өмірімдегі ең бақытты кезім болды. Осының өзі мен үшін қандай бақыт десеңізші.

Егер сіздер де әрдайым Аллаһтың құдіретіне сеніп, Оған арқа сүйесеңіздер, қиыншылықтарда құтқарушыңыз расында да Аллаһ болады. Аллаһқа сыйыныңыздар. Өйткені, Одан асқан жәрдемші, асылында шынайы дос жоқ.



СӨЗ СОҢЫ

Құрметті оқырман! Қорыта айтқанда, Аллаһ Тағала біздердің осы дүниеде бақытты ғұмыр кешіп, тура жол таба білуіміз үшін сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.)-ға жіберген ұлы сөзі Құран Кәрімді үйреніп, оны терең түсіну баршамыздың басты міндетіміз екенін осы еңбекті баспаға әзірлеу барысында сезіне алдық. Сол Құранның адамзат баласына деген шынайы үндеуіне құлақ түру қашанда азаматтығымыз болып табылады. Десек те, қасиетті кітабымыз болған Құранды жақынырақ танымайынша, оның ішкі мазмұнын түсіну біршама қиындық тудырары белгілі.

Бірде пайғамбарымыз (с.а.у.) сахабаларына: «Шүбәсіз адамдар арасында Аллаһқа жақындары бар»,-деді. Сонда ардақты сахабалар: «Иә, Аллаһтың Елшісі! Олар кімдер?»-деп сұрады. Сонда пайғамбарымыз: «Олар Құранның жолындағылар...»-деп, жауап берген екен. Демек, әрбір мүмин Құран иесі болғаннан кейін оны күнделікті өмірімен ұштастырып отырғаны жөн. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) мінез-құлқын Құраннан алып, жақсылықтардың бәрін өн бойына жинай білген. Хазіреті Айша (р.а.) анамыздан сахабалар пайғамбарымыздың адамгершілігі мен мінез-құлқы жайында сұрағанда былай жауап берген екен: **«Оның мінез-құлқы – Құран болатын».** Мәселен, Пайғамбарымыздан сахабалар Құранның қыр-сырын үйрену үшін арнайылап сабақ алған. Алайда ол сахабалардың Құран сабағын үйренуі бүгінгіден мүлдем бөлек еді. Әуелі олар он аятты үйренгеннен кейін әрбір аяттың мән-мағынасы мен даналығын меңгермейінше, келесі он аятқа өтпейтін болған. Міне, сол саңлақ сахабалар Құран сүрелерін тек құр жаттаумен шектеліп қана қоймай, әр аяттың түсініктемесіне терең үңіліп, күнделікті тіршілік ағымында онымен амал ете білген. Бұған Құран ғылымының білгірі, сахаба Абдуллаһ ибн Масғудтың (р.а.) Құран жолымен амал ету жайында айтқан мына сөзі осының басты айғағы болар деп білеміз: **«Құранның сөздерін жаттау бізге қиын еді, онымен амал ету оңай болатын. Бізден кейінгі келетіндерге Құранды жаттау**

оңай болса, онымен амал ету қиынға соғады».

Мәселен, Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) деген сахаба «Бақара» сүресін сегіз жылда үйреніп бітірген. Ол кісі осыншама жылдың ішінде аталмыш сүренің ілімімен сырласып, жан-дүниесін кемелдендіріп отырса керек.

Демек, жоғарыда Аллаһ Елшісі айтқанындай «Құран иесі» атану үшін Аллаһтың сөзі Құранның бұйрықтары мен даналықтарына орай амал ету керек. Рухани кемелденбейінше, құр әдемі дауыспен Құранды оқу, әрине жеткіліксіз. Бір сөзбен айтқанда, мұсылмандар үшін ең негізгі нәрсе, өмірлерін Құран әдебімен ұштастырып, өздерін тірі Құран дәрежесіне жеткізе білуінде тұр.

Құрметті бауырлар, Құранға мән беріп терең үңілер болсаңыз, ол адамзат баласына ең алдымен жаратушы Аллаһты таныта̀ды. Сонымен қатар бізге үздіксіз қызмет етіп тұрған мына ғаламдағы барлық жаратылыстарды және оның ішіндегі адамды не үшін, қандай мақсатпен жаратқандығынан да хабар береді. Сонымен қатар, Ұлы жаратушы Аллаһқа қалай құлшылық етіп, Одан жәрдем сұраудың жолдарын үйретеді. Бізге барша жақсылықтар мен әдеміліктерді көрсеткені сияқты, күллі жаманшылықтар мен жат әрекеттерден аулақ жүруге үгіттейді. Ол бізге адамдық міндетімізді үйрете келе, отбасымызға, қоғамымызға, барша адам баласына және айнала тіршілік еткен жан иелері алдындағы жауапкершілігімізді де сезіндіреді.

Аллаһ өзіне иман еткен құлдарын өте жақсы көреді. Бізді де жақсы көргені үшін соңғы пайғамбар етіп Мұхаммед (с.а.у.)-ді жол бастаушы қылып жіберді. Оған Құран аяттарын кезеңкезеңмен жіберіп тұрды. Пайғамбарымыз да сол түскен аяттарын өз уақытында сахабаларына үйретіп, түсіндіріп отырған. Осылайша адам баласына жаманшылықтан құтылудың жолын Аллаһ пайғамбарымыз арқылы көрсете білді.

Иә, шын мәнінде ұлы кітабымыз Құранға біз де шынайы сенім артып, бұйрықтары мен тыйымдарына лайық әрекет ете білсек, нағыз бақытқа жол тартқандығымыз емес пе?!

Сөз соңында, ***«Жаратқан Аллаһым! Біздерді Құранның ілімімен сусындандыр. Отанымызды, халқымызды имансыздық пен әділетсіздіктен әрі Құран нұрынан алыс болуынан сақтағай. Мына жалған дүниеде Құран Кәрімнің шынайы жолымен жүріп, жәннатқа қауышуымызды нәсіп еткей!»***- деп, дұға етпекпін. Әмин!

Аллаһ сөзі Құранды үйренушілерге қажетті кеңестер:

- Құран үйренуді алдына мақсат тұтқан мұсылман ең алдымен дәрет алып, жүзін құбылаға бұрып, Құранды көкірек тұсына көтере отырып, құрметпен әдептілік танытуы қажет.

- Құран әріптерін үйрену барысында әуелі әрбір әріптің шығу тегін біліп, оны орны-орнымен шығару қажет. Бұл бастама алдағы уақытта сүрелерді дұрыс оқып үйренуге септігін тигізеді. Ал егер әріптерді шатастырып, өзіне тиісті айтылу орнымен шығармаса, әу бастан-ақ қателіктер жібере бастайды. Әрине, жаңылыс жаттағанды түзету әжептәуір қиындық әкеледі.

- Құран үйренуші жаттайтын аят немесе сүрені айна қатесіз оқу үшін ең алдымен дұрыс оқытып, үйрете алатын ұстаздан сабақ алуы керек. Дәрістерін ұстазсыз үйрену қателіктерге душар етеді. Мәселен мешітке, медресеге барып білім алған жақсы.

- Ұстаздан үйрену мүмкіншілігі болмаған жағдайда аудио, CD секілді таспалардан Құранды мұқият зер салып тыңдау қажет. Сонымен бірге таспаны тыңдау барысында әріптердің шығу орындарына да (махраж) аса назар аудару керек.

- Құран дәрістерін үйрену кезінде күнделікті сыныпта, үйде берілген сабақтарды қайталау жұмыстарын қалыптастырған жөн.

- Аяттарды сөзбе-сөз ұстаздың айтқанындай қайталап тұрудың маңызы ерекше. Мына мәселені де естен шығармаған абзал. Сүрелерді тезірек үйренемін деп, қате-қате жаттағанша, әрбір әріптің айтылуы мен шығу орнына асықпай тоқталып өткен жақсы.

- Бір сүрені немесе бір бетті жаттамастан бұрын аяттағы

әрбір әріпке көңіл бөліп әрі Құран ережесін (тәжуид) алға ұстап, ең алдымен аз дегенде он мәрте жүзінен қарап оқу керек. Таспалардан тыңдау мүмкіншілігі болса, сүредегі әріптердің шығу орны мен тәжуид іліміне мән бере отырып үш-төрт мәрте тыңдаған жақсы.

- Жаттаған аят-сүрелерді дер кезінде қазақша аудармасын қоса оқып, қандай мағыналарды қамтығанын білген жөн. Сонда үйренуші Құранды оқып үйренумен қатар Оның ұлы даналығына да көз жеткізе бастайды.

- Аят-сүрелерді оқығанда дауысты әдемілеген жөн. Барынша көркемдеймін деп, өзін қатты қинап оқуға болмайды.

- Сүрені жаттаған кезде бір аяттан жаттағаны жақсы. Бір аятты жаттағаннан кейін оны ең кемі үш мәрте қайталаған дұрыс. Содан кейін екінші аятты жаттап, оны да кемі үш рет қайталаған жөн. Сосын барып жаттаған екі аятты қосып үш мәрте тағы қайталай түседі. Осылай жаттаса, нәтижелі жемісін береді. Кейін үш аятты, сосын төрт аятты, тағы-тағы қосып жаттай береді.

- Осылайша жаттаған аят-сүрелердің алғашқы легі дайын бола бастайды. Мұнымен шектелмей ең азы жаттаған сүрелерді күнделікті он мәрте қайталаса, одан да қонымдырақ болады әрі қат-қат берілер сауабы да бар.

- Жаттаған аят-сүрелерді ұмытпаудың тағы бір жолы – бес уақыт намазда кезекпен-кезек жиірек оқу.

- Неғұрлым жаттайтын сүрелерді жатар алдын көбірек қайталаса, азанғы уақытта бір мәрте қайталағаннан кейін еске гез түсіп, санада жаттала қалады.

- Ұстазға енді жаттаған сүрені тапсыруға болады. Бірақ ұстазға тапсырмастан бұрын жақсы оқитын бір кісіге тыңдатып, пысықтап алған жөн. Бұл әдіс - әрине, жаттаушыға аса пайдалы. Біршама қателіктерді қайта түзетуге мүмкіндік туады.

- Ұстазға жаттаған сүрелерді тапсырып жатқанда әріптердің орны мен тәжуид іліміне көңіл бөлген жөн.

- Жаттаған сүрелерді күнделікті парақ бетіне түсіріп отырғанның зияны жоқ. Біріншіден, арабша жазуға қол үйреніссе,

екіншіден көзбен жаттау жүйесі орнығады.

- Құран сүрелерін жаттағанда тынып орынның болғаны жөн. Өйткені, шулы жер жаттауға едәуір кедергілер келтіреді. Мәселен, теледидар көріп отырып, әуен тыңдап отырып, ойын балаларының арасында отырып жаттау адамның ойын бөліп, санаға кері әсерін тигізеді.

- Құран сүрелерін жаттағанда дауысты шығарып оқыған жөн. Есту арқылы тез жаттауға болады.

- Сүрелерді жаттамастан бұрын әрдайым жақсылап дәрет алу керек. Құранды қолға алып: «Иә, Раббым! Сенің ұлы сөзіңді, яғни, аяттарды жаттау үшін келдім. Менің жаттауыма қолайлылық пен жеңілдік нәсіп ет»,-деп, көңілден дұға ету нұр үстіне нұр болмақ. Сонымен қатар шайтан Құранның қасына келген адамды бар күшімен азғыруға тырысады. Күнделікті күйбең тіршілікті, таусылмайтын жеке мәселелерді ойға оралтып, Құраннан алшақтатуға барын салады. Бұл – шайтанның адам баласын жақсы істерден алшақтату жолындағы басты айласы. Сол үшін әркім өз-өзіне мәрттік танытып: «Уақытыңды боска өткізбе. Қанша жұмысым болса да дәл қазір менің ең маңызды жұмысым осы. Жаратушымның аяттарын жаттап, оны жақсылап түсінуім керек»,-деп жігерлендіре білуі қажет. Мұндай берік шешімге көзі жеткен шайтан әлсіз қалып, азғыра да алмайды.

Аллаh Тағала Құран үйреніп, оны жаттауға ниет білдірген жандарға жәрдемін нәсіп етсін. Әмин!



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Осман Өзбагче. Китабымы өрениорум. Анкара, 2005 жыл.*
2. *Халифа Алтай. Құран Кәрім қазақша мағына және түсінігі. 1991 жыл.*
3. *Мұхитдин Исаұлы. Құран кімнің сөзі? Алматы, 2004 жыл.*
4. *Алтынолук журналы, №232,234. 2005 жыл.*
5. *Сейфеддин Языжы. Сиәр (Пайғамбарымыздың өмірі). Алматы, 2004 жыл.*
6. *Юсуф Таваслы. Курани керимден сурелер (ясин-и шериф)*



Қадірлі оқырман!

Қолдарыңыздағы осы кітаптың басылып шығуына Аллаһ разылығы үшін айтарлықтай қолдау көрсетіп, демеушілік жасаған ***Есенов Нұрдалы Тұрдалыұлына*** шексіз ризашылығым мен алғысымды шын жүректен білдіремін. Жаратушы Жаппар иеден деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, іс-кәсібіңізге адалдық пен береке-бірлігін нәсіп етсін демекпін.

Автор

Қайырбек ОТЫЗБАЕВ

Жүректің нұры

Редакторы
Гүлнұр Қаржаубайқызы

Компьютерде терген
Гүлзира Омарова

көркемдеуші және компьютерде беттеуші
Динара Жүсіпова

Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 31
«Компас-Қызылорда» баспаханасы
Тел.: 8 (7242) 27-45-50, 27-56-70